# Қазақстан Республикасының банк қызметі мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 154 Заңы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Шаруа шаруашылығы туралы" 1990 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1990 ж., N 22, 257-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 309-құжат; N 16, 411-құжат; 1993 ж., N 8, 183-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; N 21, 130-құжат):

1) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Шаруа шаруашылығының банктік шоттары

Шаруа шаруашылығының банктік шоттар ашуға және банктегі өз ақшасына билік етуге құқығы бар.";

2) 17-баптың:

1-тармағындағы:

"Банк мекемелері" деген сөздер "банктер" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші сөйлем алынып тасталсын;

4-тармағындағы "Банк мекемесі" деген сөз "банк" деген сөзбен ауыстырылсын;

6-тармағы алынып тасталсын;

7-тармағы 6-тармақ деп есептелсін.

2. "Қазақ КСР-індегі шаруашылық қызметтің еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту туралы" 1990 жылғы 11 желтоқсандағы Қазақ КСР Заңына (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1990 ж., N 51, 483-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96-құжат; N 24, 597-құжат; 1993 ж., N 8, 176-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; N 21, 130-құжат):

21-баптың екінші бөлігінің екінші азатжолындағы "проценттерін" деген сөз "сыйақыны (мүддені)" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Қазақ КСР-інде айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы" 1991 жылғы 18 маусымдағы Қазақ КСР Заңына (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 26, 332-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 8, 179-құжат; 1995 ж., N 14, 96-құжат; N 20, 120-құжат):

77-баптың 3-тармағындағы "ақшалай қаражатының" деген сөздер "ақшаның" деген сөзбен ауыстырылсын.

4. "Қазақ КСР-індегі мемлекеттік жастар саясаты туралы" 1991 жылғы 28 маусымдағы Қазақ КСР Заңына (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 28, 377-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 9-10, 158-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат):

6 - б а п т ы ң :

4-тармағының екінші азатжолындағы "кредиттің проценттерін" деген сөздер " кредитті пайдаланғаны үшін сыйақыны (мүддені)" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ "төлем өтейтін" деген сөздерден кейін "сыйақы (мүдде) мөлшерінде" деген сөздермен толықтырылсын.

5. "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктері туралы" 1992 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 84-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар):

16-баптың бірінші бөлігіндегі "ақшалай қаражат" деген сөздер "ақша" деген сөзбен ауыстырылсын.

6. "Қазақстан Республикасы төрелік соттарының шаруашылық дауларын шешу тәртібі туралы" 1992 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 5, 102-құжат; 1993 ж., N 17, 417-құжат):

1) 67-баптың екінші бөлігіндегі 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тараптардың атауы, олардың орналасқан жері, қызмет көрсететін банк көрсетілген банктік шоты;";

2) 68-баптың 1) тармақшасындағы "ақша сомалары" деген сөздер "ақшасын" деген сөзбен және 101-баптың екінші бөлігінің екінші азатжолындағы "ақша сомасы" және " ақша сомасын" деген сөздер тиісінше "ақшасы" және "ақшасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 82-баптың 1) тармақшасындағы "ақша сомаларына" деген сөздер "ақшасына" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 86-баптың үшінші бөлігіндегі "Ақша сомасын" деген сөздер "Ақшаны" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 101-баптың екінші бөлігінің төртінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"банктік шот ашқан кезде банк берген, одан ақша алуға болатын жеке сәйкестендіру коды;";

6) 126-баптың екінші бөлігіндегі және 133-баптың екінші бөлігіндегі "ақша сомасын " деген сөздер "ақшаны" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 132-баптың үшінші бөлігіндегі "ақша қаражатының" деген сөздер "ақшасының" деген сөзбен ауыстырылсын.

7. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" 1992 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 290-құжат; N 24, 592-құжат; 1993 ж., N

8, 179-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 23, 155-құжат; 1997 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

33-баптың бесінші бөлігіндегі "процентсіз несие" деген сөздер "сыйақы (мүдде) ставкасы белгіленбеген несие" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. "Көшіп келу туралы" 1992 жылғы 26 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 314-құжат):

13-баптың а), г) тармақшаларындағы "ақшалай қаражаттардан" деген сөздер " ақшадан" деген сөзбен ауыстырылсын.

9. "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" 1992 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Z922500_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 424-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат):

1) 14-баптың оныншы азатжолындағы "ақшалай қаражатын" деген сөздер "банкілік, соның ішінде ақша" деген сөздермен ауыстырылсын, "банкілерден" деген сөз алынып тасталсын.

2) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Жеке кәсіпкерлердің сыртқы экономикалық қызметі

Жеке кәсіпкерлердің сыртқы экономикалық қызметі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен реттеледі.".

10. "Инвестицияларды қаржыландырудың қайтарым жүйесі туралы" 1993 жылғы 12 сәуірдегі Z932400_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 9, 210-құжат; 1994 ж., N 9-10, 158-құжат; N 21-22, 268-құжат):

6-баптың 1-тармағындағы "проценттерді" деген сөз "сыйақыны (мүддені)" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. "Аграрлық-өнеркәсіптік кешен салаларына кредит беру және мемлекеттік шараларды қаржыландыру туралы" 1993 жылғы 12 сәуірдегі Z931700_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 9, 212-құжат):

1) 2-баптың:

1-тармағындағы "осы заңмен, "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығымен, банкілердің қызметін және проценттік саясат мәселелерін реттейтін басқа да қалыптық құжаттармен" деген сөздер "қолданылып жүрген заңдармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың екінші азатжолындағы "белгілейтін нарық" деген сөздер "белгілейтін қайта қаржыландырудың ресми нарқы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-баптың:

бірінші бөлігіндегі "тауар өндірушілерге процентсіз негізде" деген сөздер "тауар өндірушілерге сыйақысыз (мүддесіз)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігіндегі "проценттер" деген сөз "сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. "Шетелдік инвестициялар туралы" 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Z949000_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24, 280-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 жылғы 3 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар кейбір Жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" 1997 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

15-баптың 5-тармағындағы "ақшалай қаражаты" деген сөздер "ақшасы" деген сөзбен ауыстырылсын.

13. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда K941000_ қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24, (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 жылғы 25 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Қазақстан Республикасы Президентінің "Банкроттық туралы" заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 11 наурызда "Егемен Қазақстан" және " Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 25 маусымда " Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 2-баптың 3-тармағындағы:

"ақшалай қаражат" деген сөздер "ақша" деген сөзбен ауыстырылсын;

"орын ауыстырып" деген сөздерден кейін "және айналысқа түсіп" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 10-баптың 1-тармағындағы "пайда немесе жеке" деген сөздер "таза" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 34-баптың 1-тармағындағы "пайда", "алынған пайдасын" деген сөздер тиісінше " табысын", "алынған таза табыс" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 41-баптың 4-тармағындағы "пайда мен шығынды" деген сөздер "таза табысты" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 42-баптың 6-тармағының 1) тармақшасындағы "жарғылық қорының" деген сөздер "жарғылық капиталының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 44-баптың 1-тармағының екінші азатжолындағы "ақшалай қаражатпен" деген сөздер "ақшасымен" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 50-баптың:

5-тармағындағы:

"бар" деген сөз алынып тасталсын;

"ақшалай қаражаты" деген сөздер "ақшасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

6-тармағындағы "ақшалай сома" деген сөздер "ақша" деген сөзбен ауыстырылсын;

9-тармағындағы "ақшалай қаражаты" деген сөздер "ақшасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 55-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "өсім мен процент" деген сөздер " айыпақы мен сыйақыны (мүддені)" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 58-баптың мәтініндегі "жарғылық қоры", "жарғылық қорына" деген сөздер тиісінше "жарғылық капиталы", "жарғылық капиталына" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 59-баптың атауы мен мәтініндегі "жарғылық қорына", "жарғылық қорындағы", " жарғылық қорға", "жарғылық қорды" деген сөздер тиісінше "жарғылық капиталына", " жарғылық капиталындағы", "жарғылық капиталға", "жарғылық капиталды" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 61-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "пайданы" деген сөз "таза табысты" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 64-баптың атауы мен мәтініндегі "жарғылық қоры", "жарғылық қорының", " жарғылық қорын", "жарғылық қорды" деген сөздер тиісінше "жарғылық капиталы", " жарғылық капиталының", "жарғылық капиталын", "жарғылық капиталды" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 65-баптың 1-тармағындағы "жарғылық қордағы" деген сөздер "жарғылық капиталдағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 67-баптың 2-тармағындағы "пайдасының" деген сөз "таза табысының" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 69-баптың 1-тармағындағы "жарғылық қордағы" деген сөздер "жарғылық капиталдағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 71-баптың 2-тармағындағы "жарғылық қордағы" және 3-тармағындағы " жарғылық қорындағы" деген сөздер тиісінше "жарғылық капиталдағы", "жарғылық капиталындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 73-баптың мәтініндегі "жарғылық қордағы" деген сөздер "жарғылық капиталдағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармағының 1) тармақшасындағы "пайдасының" деген сөз "таза табысының" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 74-баптың атауы мен мәтініндегі "жарғылық қоры", "жарғылық қор", "жарғылық қордың", "жарғылық қорын", "жарғылық қорды" деген сөздер тиісінше "жарғылық капиталы", "жарғылық капиталын", "жарғылық капиталды", "жарғылық капиталдың", "жарғылық капиталының", "жарғылық капитал" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 77-баптың:

1-тармағының бірінші азатжолындағы "жарғылық қоры" деген сөздер "жарғылық капиталы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармағындағы "жарғылық қорындағы" деген сөздер "жарғылық капиталындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 78-баптың атауы мен мәтініндегі "жарғылық қоры", "жарғылық қордың", "жарғылық қорын", "жарғылық қорды" деген сөздер тиісінше "жарғылық капиталы", "жарғылық капиталдың", "жарғылық капиталын", "жарғылық капиталды" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 79-баптың 2-тармағының:

1) тармақшасындағы "жарғылық қоры" деген сөздер "жарғылық капиталы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшасындағы "пайдасы мен залалдарын" деген сөздер "таза табысын" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 80-баптың атауы мен мәтініндегі "жарғылық қордағы", "жарғылық қорындағы", "жарғылық қорын", деген сөздер тиісінше "жарғылық капиталдағы", "жарғылық капиталындағы", "жарғылық капиталын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармағындағы "пайданы" деген сөз "таза табысты" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 84-баптың 1-тармағындағы "жарғылық қорға" деген сөздер "жарғылық капиталға" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 85-баптың мәтініндегі "жарғылық қоры", "жарғылық қорына" деген сөздер тиісінше "жарғылық капиталы", "жарғылық капиталына" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 86-баптың 6-тармағындағы "банктік емес қаржы мекемелерінде" деген сөздер "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 87-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) таза табысты пайдалану мен залалды өтеу тәртібі;";

27) 88-баптың атауы мен мәтініндегі "жарғылық қоры", "жарғылық қорды" деген сөздер тиісінше "жарғылық капиталы", "жарғылық капиталды" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 89-баптың атауы мен мәтініндегі "Жарғылық қорды", "жарғылық қорын", " жарғылық қорды" деген сөздер тиісінше "Жарғылық капиталды", "жарғылық капиталын", "жарғылық капиталды" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 90-баптың атауы мен мәтініндегі "Жарғылық қорды", "жарғылық қорды", " жарғылық қорын" деген сөздер тиісінше "Жарғылық капиталды", "жарғылық капиталды", "жарғылық капиталын" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 91-баптың мәтініндегі "жарғылық қордың", "жарғылық қорды" деген сөздер тиісінше "жарғылық капиталдың", "жарғылық капиталдағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 92-баптың мәтініндегі "жарғылық қоры", "жарғылық қордағы" деген сөздер тиісінше "жарғылық капиталы", "жарғылық капиталдағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармағының 6) тармақшасындағы "пайданы" деген сөз "таза табысты" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 94-баптың 1-тармағындағы "жарғылық қордағы" деген сөздер "жарғылық капиталдағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 95-баптың мәтіндегі "жарғылық қорларына", "жарғылық қордың", "жарғылық қорына" деген сөздер тиісінше "жарғылық капиталдарына", "жарғылық капиталдың", " жарғылық капиталына" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 97-баптағы "пайдасы мен залалдарын" деген сөздер "таза табысын" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 98-баптың 2-тармағындағы "пайдасы" деген сөз "таза табысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 99-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) кооперативтік қаржы есебін бекіту және оның таза табысын бөлу;";

37) 106-баптың 5-тармағындағы "ақша қаражаты" деген сөздер "ақшасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

38) 107-баптың 4-тармағындағы "ақшалай қаражаты" деген сөздер "ақшасы, сондай-ақ басқа мүлкі" деген сөздермен ауыстырылсын;

39) 130-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағалы қағаздарға: облигация, коноссамент, акция және заң актілерінде немесе соларда белгіленген тәртіппен бағалы қағаздар қатарына жатқызылған басқа да құжаттар жатады.";

40) 136-баптағы "белгіленген процентпен" деген сөздер "көрсетілген сыйақысын ( мүддесін)" деген сөздермен ауыстырылсын;

41) 137, 138-баптар алынып тасталсын;

42) 139-баптың:

1-тармағындағы "пайдасының" деген сөз "таза табысының" деген сөздермен ауыстырылсын.

3) тармағындағы "жарғылық қорды" деген сөздер "жарғылық капиталды" деген сөздермен ауыстырылсын;

43) 140-бап алынып тасталсын;

44) 144-баптың 1-тармағындағы "салымдар құпиясын" деген сөздер "банктік салымдар құпиясын" деген сөздермен ауыстырылсын;

45) 187-баптың 2) тармақшасындағы "банкіге" деген сөзден кейін "банктік" деген сөзбен толықтырылсын;

46) 199-баптың екінші бөлігіндегі "пайданың" деген сөз "таза табыстың" деген сөздермен ауыстырылсын;

47) 200-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы:

"процентпен" деген сөз "сыйақымен (мүддемен)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен процент ставкасынан" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

48) 207-баптың 3-тармағындағы "ақшалай қаражатпен", "ақшалай қаражаты" деген сөздер тиісінше "ақшамен", "ақшасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

49) 282-баптың:

1-тармағы мынадай мазмұндағы жаңа үшінші азатжолмен толықтырылсын:

"Төлемдер мен есеп айырысуларды жүзеге асырудың тәртібі мен жолдары Қазақстан Республикасының банк заңдарымен белгіленеді және оларды тараптар тиісті шартта айқындайды.";

2-тармағындағы "проценттерді" деген сөз "айыпақы мен сыйақыны (мүддені)" деген сөздермен ауыстырылсын;

50) 291-баптың:

1-тармағының бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өзінен алынатын ақшаны немесе бағалы қағаздарды - нотариат кеңесінің депозитіне, ал заң құжаттарында белгіленген реттерде соттың депозитіне салуға" деген сөздер "міндеттемелерін орындау үшін өзінен алынатын ақшаны депозит шарттарында, ал бағалы қағаздарды - нотариат кеңсесінің атына сақтау шарттарында, ал заң құжаттарымен белгіленген жағдайларда соттың атына орналастыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ақшаны немесе бағалы қағаздарды депозит шарттарында салу немесе нотариат кеңсесінің немесе соттың атына сақтау міндеттеменің орындалғаны болып есептеледі.

Ақша немесе бағалы қағаздар атына салынған нотариат кеңсесі немесе сот бұл туралы несие берушілерге хабарлайды.";

51) 301-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
"4. Кепіл мәні болып табылатын ақша банкке орналастырылады.";

52) 302-баптың 1-тармағындағы "проценттерін" деген сөз "сыйақыны (мүддені)" деген сөздермен ауыстырылсын;

53) 303-баптың:

4-тармағындағы "ұстаушыға, не банктің немесе нотариат кеңсесінің депозитіне беріледі" деген сөздер "ұстаушыға беріледі, не банкке орналастырылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Егер кепіл туралы шартпен өзгеше белгіленбеген болса, кепіл мәні болып табылатын ақша банкке орналастырылады.

Осы ақша үшін есептелетін сыйақы (мүдде) кепіл берушіге тиесілі болады.";

54) 18-тараудың 4-параграфы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. КЕПІЛДІК ЖӘНЕ КЕПІЛ БОЛУШЫЛЫҚ

329-бап. Кепілдік

1. Кепілдік бойынша кепілдік беруші, заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа жақтың (борышқордың) несие берушісі алдында осы жақтың міндеттемесінің орындалуына толық немесе борышқормен ортақтасып ішінара жауап беруге міндеттенеді.

2. Бірлесіп кепілдік берген адамдар, егер кепілдік шартында өзгеше белгіленбесе, несие беруші алдында ортақтасып жауап береді.

3. Кепілдік шарты болашақта туындайтын міндеттемені қамтамасыз ету үшін де жасалуы мүмкін.

330-бап. Кепіл болушылық

Кепіл болушылық бойынша кепіл болушы басқа жақтың (борышқордың) несие берушісі алдында осы жақтың міндеттемесінің орындалуына толық немесе ішінара қосалқы жауап беруге міндеттенеді.

331-бап. Кепілдіктің және кепіл болушылықтың негізі мен нысаны

1. Кепіл болушылық немесе кепілдік шарттарының негізінде кепілдік және кепіл болушылық пайда болады. Кепілдікті қолдану заңмен белгіленуі мүмкін.

2. Кепілдік немесе кепіл болушылық шарттары жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Жазбаша нысанда жасалуын сақтамау кепілдік немесе кепіл болушылық шартының жарамсыз болуына әкеліп соқтырады.

3. Егер кепілдік беруші немесе кепіл болушы борышқордың міндеттемені орындауын өз жауапкершілігіне алатынын несие берушіге жазбаша түрде хабарласа, ал несие беруші кепілдік берушінің немесе кепіл болушының ұсыныстарынан бұл үшін жеткілікті болатын қажетті уақыт ішінде бас тартпаса, кепілдік немесе кепіл болушылық шарттарының жазбаша нысаны сақталған деп есептеледі.

### 332-бап. Кепілдік берушінің және кепіл болушының жауапкершілігі

1. Кепілдік және кепіл болушылық, егер шартта өзгеше белгіленбесе, тек заңды талапты ғана қамтамасыз етеді. Кепілдік беруші мен кепіл болушы, егер олар әрекет қабілетсіздігі туралы өздеріне күні бұрын белгілі болған борышқорға кепіл болса, ал несие беруші бұл мән-жайды білмесе, жауапкершіліктен босатылмайды.

2. Кепілдік беруші несие беруші алдында, егер кепілдік шартында өзгеше белгіленбесе, борышқор сияқты айыпақы, сыйақы (мүдде) төлеуді қоса алғанда, борышты өндіріп алу жөніндегі сот шығындарын және борышқордың міндеттемені орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан туындаған несие берушінің басқа да зияндарын төлеуде тап сондай көлемде жауап береді.

3. Кепіл болушы несие беруші алдында, егер кепіл болушылық шарттарында өзгеше көзделмесе, кепіл болушылықта көрсетілген сома шегінде жауапты болады. Қосалқы жауапкершілікті мойнына алған кепіл болушыға талаптар қойылғанға дейін несие беруші бұл талапты борышқор қанағаттандыратындай, атап айтқанда, қарсы талапты есепке алу және белгіленген тәртіп бойынша борышқордың мүлкінен ақы өндіріп алу арқылы ақылға қонымды шаралар қолдануға тиіс.

### 333-бап. Кепілдік берушінің өзіне несие беруші талаптар қойған жағдайдағы құқықтары мен міндеттері

1. Кепілдік беруші, несие берушінің талаптарын қанағаттандырғанға дейін бұл туралы борышқорға ескертуге, ал егер кепілдік берушіге қуыным жасалса, борышқорды іске қатыстыруға міндетті. Олай болмаған жағдайда борышқор өзінің несие берушіге қоймақшы болған қарсылықтарын кепілдік берушінің қайтарып қойған талабына қарсы қоюға құқылы.

2. Кепілдік беруші, егер кепілдік шартынан өзгеше туындамаса, несие берушінің талабына қарсы борышқор қоя алатын қарсылықтарды қоюға қақылы. Кепілдік беруші бұл қарсылықтарға құқығын тіпті егер борышқор олардан бас тартқан немесе өзінің қарызын мойындаған жағдайда да жоғалтпайды.

### 334-бап. Міндеттемені орындаған кепілдік беруші мен кепіл болушының құқықтары

1. Міндеттемені орындаған кепілдік берушіге несие берушінің осы міндеттеме жөніндегі барлық құқықтары және кепіл ұстаушы ретінде несие берушіге тиесілі құқықтар кепілдік беруші несие берушінің талабын қанағаттандырған көлемде көшеді. Кепілдік беруші, сондай-ақ, борышқордан несие берушіге төленген соманың айыпақысын және сыйақысын (мүддесін) төлеуді және борышқор үшін жауапкершілікке байланысты шеккен өзге де залалдардың орнын толтыруды талап етуге қақылы.

2. Кепілдік беруші міндеттемені орындағаннан кейін несие беруші борышқорға қойылған талапты куәландыратын құжаттарды кепілдік берушіге тапсыруға және осы

талапты қамтамасыз ететін құқықтарды беруге міндетті.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген ережелер, егер заңдарда немесе кепілдік берушінің борышқорымен шартында өзгеше көзделмесе және олардың арасындағы қатынастарда өзгеше туындамайтын болса, қолданылады.

4. Кепіл болушы дәл осындай құқықтарға борышқордың несие беруші алдындағы міндеттемесін өзі орындаған бөлігінде ие болады.

335-бап. Борышқордың міндеттемені орындамағаны туралы кепілдік беруші мен кепіл болушыға хабарлауы

Кепілдікпен немесе кепіл болушылықпен қамтамасыз етілген міндеттемені орындаған борышқор кепілдік берушіге немесе кепіл болушыға бұл туралы дереу хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда өз кезегінде міндеттемені орындаған кепілдік беруші немесе кепіл болушы несие берушіден негізсіз алынғанды өндіріп алуға, не борышқорға кері талап қоюға қақылы. Соңғы жағдайда борышқор несие берушіден тек негізсіз алынғанды ғана өндіріп алуға қақылы.

336-бап. Кепілдіктің және кепіл болушылықтың тоқтатылуы

1. Кепілдік және кепіл болушылық өздері қамтамасыз еткен міндеттеменің тоқтатылуымен бірге, сондай-ақ осы міндеттеме кепілдік беруші мен кепіл болушының жауапкершілігін соңғылардың келісімінсіз арттыруға немесе өзге де қолайсыз салдарға әкеліп соқтыратындай өзгерген жағдайда, тоқтатылады.

2. Кепілдік және кепіл болушылық, егер кепілдік беруші немесе кепіл болушы несие берушіге жаңа борышқор үшін жауап беруге келісім бермесе, кепілдікпен немесе кепіл болушылықпен қамтамасыз етілген міндеттеме жөніндегі борышты басқа жаққа ауыстырумен тоқтатылады.

3. Кепілдік және кепіл болушылық, егер олар өздері қамтамасыз еткен міндеттемені орындау мерзімінің басталуына қарай борышқор немесе кепілдік беруші мен кепіл болушы ұсынған тиісті дәрежедегі орындауды қабылдаудан несие беруші бас тартса тоқтатылады.

4. Кепілдік және кепіл болушылық оларға кепілдік немесе кепіл болушылық шартында көрсетілген мерзім біткен кезде тоқтатылады. Егер мұндай мерзім белгіленбесе, егер несие беруші кепілдікпен немесе кепіл болушылықпен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау мерзімі басталған күннен бастап бір жылдың ішінде кепілдік берушіге немесе кепіл болушыға қуыным жасамаса, ол тоқталады. Негізгі міндеттеменің орындалу мерзімі көрсетілмеген және белгілеуге болмайтын немесе талап етуімен белгіленген кезде, кепілдік және кепіл болушылық егер несие беруші кепілдік берушіге немесе кепіл болушыға кепілдік немесе кепіл болушылық шарты жасалған күннен бастап, екі жылдың ішінде қуыным жасамаса, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, кепілдік пен кепіл болушылық тоқтатылады.";

55) 341-баптағы "төленбеген процееттерге" деген сөздер "алынбаған сыйақыға ( мүддеге)" деген сөздермен ауыстырылсын;

56) 353-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"353-бап. Басқаның ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік

1. Ақша міндеттемесін орындамау салдарынан біреудің ақшасын заңсыз пайдаланғаны не оларды төлеу мерзімін өткізіп жібергені, не оларды негізсіз алғаны немесе басқа адамның есебіне сақтағаны үшін тұрақсыздық айыпақы төленуге тиіс. Айыпақының мөлшері ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындаған күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасы негізінде есептеледі. Борышты сот тәртібімен өндіріп алу кезінде сот Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қуыным жасалған немесе шешім шығарылған немесе іс жүзінде төленген күнгі қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып, несие берушінің талабын қанағаттандыра алады. Егер заң құжаттарында немесе шартта айыпақының өзге мөлшері белгіленбесе, осы ережелер қолданылады.

2. Басқаның ақшасын пайдаланғаны үшін айыпақы, егер заңдарда немесе шартта айыпақы сомаларын есептеудің өзге тәртібі белгіленбесе, бұл ақшаның сомасы несие берушіге төленген күнге дейін өндіріліп алынады.

3. Егер несие берушінің ақшасын заңсыз пайдаланудан оған келтірілген залал осы баптың 1-тармағының негізінде оған тиесілі айыпақының сомасынан асып кетсе, ол борышқордан осы сомадан асатын бөлікте залалды өтеуді талап етуге құқылы.";

57) 366-баптың 3-тармағындағы "процент" деген сөз "сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

58) 387-баптың 1-тармағының бірінші азатжолындағы "банк" деген сөз алынып тасталсын.

14. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" заң күші бар 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 Z952155_ Жарлығына ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат):

1) 1-баптың бесінші бөлігіндегі "және басқа заңдарда" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 4-баптың:

атауындағы және мәтіндегі "нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын;

бірінші бөліктегі "клиенттерінің" деген сөзден кейінгі "сондай-ақ шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың және" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 5-бап алынып тасталсын;

4) 6-баптың:

бірінші бөлігіндегі "өз қарамағындағы бөлімшелермен бірге" деген сөздер "өзінің филиалдарымен, өкілдіктерімен және ұйымдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігіндегі "басқармалары мен басқа да бөлімшелерін" деген сөздер " филиалдары мен өкілдіктерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 7-баптың екінші бөлігінің төртінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"- банк қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру жолымен банктер кредиторлары мен клиенттерінің мүдделерін қорғау жүктеледі.";

6) 8-баптың:

б), в), г), д) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік қарыздарына қызмет көрсетуге қатысады және Қазақстан Ұлттық Банкінің мемлекеттік қарыздарына қызмет көрсетеді;

в) банктер ашуға және олардың ерікті түрде қайта ұйымдастырылуы мен таратылуына рұқсат береді, банктерге Қазақстан Республикасы аумағында, ал резидент-банктер үшін республика аумағынан тыс жерлерде филиалдарын (оларды біріктіруге) және өкілдіктерін ашуға, бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жарғылық капиталына банктердің қатысуына, бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін банктерге лицензия беруге келісім береді, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар береді;

г) белгіленген тәртіппен банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының проспектілеріне мемлекеттік тіркеуге дейін міндетті түрде сараптау жүргізеді, оларға енгізілетін өзгерістерді келіседі және банктердің бағалы қағаздар шығару мен оларды орналастыру жиынтығы туралы есебіне, құрылтай құжаттарына қорытынды береді, сондай-ақ банктің құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізуге, оны қайта тіркеуге, банктің басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім береді;

д) банктерге, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімі бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінде банк шоттарын ашқан заңды тұлғаларға кредит беруге құқылы. Банктер үшін соңғы сатыдағы кредитор болып табылады;";

е) тармақшасындағы "сондай-ақ шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау операциясын жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздер алынып тасталсын;

ж) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"ж) Қазақстан Республикасында кредиттер бойынша сыйақының (мүдденің) ставкаларын реттеуді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында инфляциялық процестерге ақша-кредит әдістерімен реттеу арқылы бақылау жасау мүмкін болмаған жағдайларда Қазақстан Ұлттық Банкі

олар бойынша кредиттер көлемін және сыйақының (мүдденің) банктік ставкаларын шектеуге құқылы;";

к) тармақшасындағы:

"сондай-ақ шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау операцияларын жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздер алынып тасталсын;

"нормативті" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын;

л) тармақшасындағы "сондай-ақ шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау операциясын жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздер алынып тасталсын;

м) тармақшасындағы "есеп айырысу, ағымдағы, бюджеттік және басқа шоттарын" деген сөздер "банк шоттары бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

н) тармақшасы "жәрдемдесетін" деген сөзден кейін "және (немесе) қаржы рыногының инфрақұрылымының бір бөлігі болып табылатын" деген сөздермен толықтырылсын;

р) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"р) елдің төлем балансын жасап, жүргізеді;";

с) тармақшасындағы:

"ақша қаражатын есептен шығаруға" деген сөздер "ақшаны алып қоюға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"есептен шығаруға" деген сөздер "алып қою" деген сөздермен ауыстырылсын;

"есептелген процеттердің" деген сөздер "есептелген сыйақының (мүдденің)" деген сөздермен ауыстырылсын;

у) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"у) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бірыңғай қазынашылық шотына қызмет көрсетеді;";

7) III тараудың атауындағы "пайдасын" деген сөз "табысын" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 9-баптың:

бап атауындағы "жарғылық қоры" деген сөз "жарғылық капиталы" деген сөзбен ауыстырылсын;

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің жарғылық капиталы мемлекетке тиесілі және Қазақстан Ұлттық Банкінің билігіне негізгі қорларды беру жолымен және оның табысынан алынған аударылымдардан, сондай-ақ республикалық бюджеттен бөлінетін қаржыдан 10 миллиард Қазақстан теңгесі мөлшерінде құралады";

екінші бөлігі алынып тасталсын;

үшінші бөлік екінші бөлік болып саналсын;

9) 10-бапта:

бап атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің резерв қоры, қайта бағалау шоттары және арнайы провизиялары (резервтері)"

бірінші бөлігінде:

"жарғылық қоры" деген сөз "жарғылық капиталы" деген сөзбен ауыстырылсын;

"өз пайдасы" деген сөздер "өз табысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"оның ішінде күмәнді және үмітсіз қарыздардың" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын:

"Алтын-валюта активтерін қайта бағалау шоты, оларды қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған табысты есепке алуға арналады. Бағалы қағаздарды қайта бағалау шоты оның ішінде шетел валютасындағы шот та, олардың құнын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған табысты есепке алуға арналады.";

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің шығыстары есебінен күмәнді және шығынды банк активтерінен, оған қоса кредиттерден, депозиттерден, бағалы қағаздардан, есеп айырысу кезіндегі шығындардан, шоттардағы қалдықтардан және басқа активтерден, сондай-ақ жалпы провизиялардан (резервтерден) арнайы провизиялар (резервтер) құралады";

үшінші бөлігі алынып тасталсын;

10) 11-баптың:

баптың атауындағы "пайдасы" деген сөз "табысы" деген сөзбен ауыстырылсын;

бірінші бөлігіндегі:

"Пайдасы" деген сөз "Таза табысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Үмітсіз және күмәнді қарыздарды есептен шығару мен" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің таза табысы Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін абсолюттік сомада жарғылық капитал мен резерв қорын қарауға бағытталады.";

үшінші бөлігіндегі:

"алынған пайданың", "алынған пайда" деген сөздер "алынған таза табыстың", " алынған таза табыс" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қорларын" деген сөз "жарғылық капитал мен резерв қорын" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлігіндегі "пайдасының" деген сөз "табысының" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 12-баптың үшінші бөлігіндегі "департаменттер мен дербес қызметтерден тұратын орталық аппарат, облыстық (аумақтық) басқармалар, аудандық бөлімдер және басқа бөлімшелер" деген сөздер "департаменттерден тұратын орталық аппарат пен

басқа бөлімшелер филиалдар, өкілдіктер және ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 13-баптың екінші бөлігіндегі "кредит" деген сөз "қаржы" деген сөзбен ауыстырылсын;

13) 15-баптың бірінші бөлігіндегі:

б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Қазақстан Ұлттық Банкінің банк қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерін бекіту;";

г) тармақшасындағы:

"орталықтандырылған" деген сөз "ресми" деген сөзбен ауыстырылсын;

"және Қазақстан Республикасының бюджетімен" деген сөздер алынып тасталсын;

з) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"з) алтын-валюта активтерін басқарудың негізгі принциптерін белгілеу;";

л), м), н) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"л) Қазақстан Ұлттық Банкінің табыстары мен шығындары туралы жылдық балансы мен есебін қарау және бекіту;

м) Қазақстан Ұлттық Банкі туралы ережені, оның жарғылық капиталы мен резерв қорын құрау тәртібі туралы нормативтік құқықтық актілерді, негізгі қаражат пен басқа да мүліктерді пайдалануды, ақылы қызмет көрсетуді, Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымы мен бюджетін (шығыстар сметасын) бекіту, Қазақстан Ұлттық Банкінің департаменттері директорларын, филиалдарының, өкілдіктері мен ұйымдарының басшыларын тағайындау;

н) қолданылып жүрген банк заңдарының талаптарына сәйкес банктер мен басқа да ұйымдар үшін пруденциялық нормативтер мен сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бекіту;";

о) тармақшасындағы "мен оның бөлімшелері" деген сөздер "оның филиалдары, өкілдіктері мен ұйымдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

п) тармақшасындағы "ұйымдарға" деген сөз "және осы жарлыққа сәйкес өзге де ұйымдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жаңа с) тармақшасымен толықтырылсын:

"с) бухгалтерлік есептің қазақстандық стандарттарын ескере отырып, Қазақстан Ұлттық Банкі үшін бухгалтерлік есептің саясаты мен әдістерін белгілеу.";

14) 16-баптың екінші бөлігіндегі "Төрағасы, оның төрт орынбасары және Қазақстан Ұлттық Банкі бухгалтерлік қызметінің басшысы" деген сөздер "Төрағасы және Қазақстан Ұлттық Банкінің бес лауазымды адамы" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 17-баптың төртінші бөлігіндегі "бірінші орынбасары" деген сөздер "міндетін атқарушы адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 19-баптың:

үшінші бөлігіндегі "бірінші" деген сөз алынып тасталсын;

алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Жарлықпен және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" заң күші бар Жарлығында белгілеген тәртіппен Директорлар кеңесі басқарманың өкілеттігіне жатқызылмаған кейбір шаралар түрлерін банктерге қолдану туралы шешімді, сондай-ақ банк заңдарымен көзделген өзге де ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.";

17) 20-бапта:

бап атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалдары, өкілдіктері мен ұйымдары";

бірінші бөліктегі "облыстық (аумақтық) басқармалары" деген сөздер "филиалдары мен өкілдіктері" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің ұйымдары заңды тұлға болып табылады, осы Жарлықпен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, заң актілеріне сәйкес құрылады және өз қызметін тоқтатады.

Қазақстан Ұлттық Банкі өз ұйымдарын құру және олардың қызметін тоқтату туралы шешім қабылдайды, олардың құрылтайшысы және аталған ұйымдардың құқықтық мәртебесін өзгерту туралы шешім қабылдау жөніндегі өкілеттікті қоса алғанда оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің қызметін жүзеге асырушы мемлекеттік орган болып табылады.";

18) 21-баптағы "мен оның құрылымдық бөлімшелерінің" деген сөздер "оның филиалдары, өкілдіктері мен ұйымдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 23, 24, 25, 26, 27, 28-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі - банк, қаржы кеңесшісі және агент

Қазақстан Ұлттық Банкі - банк, қаржы кеңесшісі және мемлекеттік органдармен келісім бойынша олардың агенті ретінде іс-әрекет жасай алады.

24-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Банкі

Қазақстан Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаржысы орналастырылады. Қазақстан Ұлттық Банкі Үкімет шоттары бойынша төлем жүргізеді, өзге де операцияларды жүзеге асырады, сондай-ақ оларға басқа да қызметтер көрсетеді.

25-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаржы кеңесшісі

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік қарыз алу саясатын жасау және іске асыру, мемлекеттің ақша-кредит саясатымен байланысты

мәселелер жөнінде бюджет саясатын қалыптастыру кезінде қаржы кеңесшісі ретінде қызмет етеді.

26-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің агенті

Қазақстан Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында келісілген шарттарда Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Үкіметінің агенті ретінде іс-қимыл жасайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі Үкіметпен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің агенті ретінде оған мемлекеттік заемына қызмет көрсетеді.

27-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізу

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге құқылы.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен мемлекеттік бағалы қағаздар шығарудың және Үкіметтің мемлекеттік қарызын олардың банк жүйесіндегі өтімділігіне ықпал етуін ескере отырып, өтеудің ай сайынғы көлемін және ақша-кредит саясатының басымдығын, Үкіметтің шешімі бойынша шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздарды бастапқы орналастыруға қаржы ұйымдарына рұқсат ету шарттарын келіседі.

28-бап. Бағалы қағаздар айналысын реттеуге қатысу

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша Үкіметтің шешімі бойынша шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздар айналысын реттеуге қатысуға құқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағалы қағаздар айналысын реттеуге қатысуға құқылы.";

20) 30-баптың:

екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

" - Қазақстан Ұлттық Банкінің кредиттер бойынша банктерге беретін сыйақы (мүдде) ставкаларының деңгейі;";

бесінші азатжолдағы "және Үкіметке" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жаңа азатжолмен толықтырылсын:

"- ресми есептеу (дисконттік) ставкасы.";

21) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкалары

Қазақстан Ұлттық Банкі қайта қаржыландырудың ресми ставкасын, сондай-ақ олар жүргізетін операциялар бойынша басқа да сыйақы (мүдде) ставкаларын белгілейді. Ақша рыногының жалпы жай-күйіне, кредит бойынша сұраныс пен ұсынысқа, инфляция мен инфляциялық күтулер деңгейіне қарай қайта қаржыландырудың ресми

ставкасы белгіленеді.

Қазақстан Ұлттық Банкі сыйақы (мүдде) ставкасының саясатын мемлекеттік ақша-кредит саясатын жүзеге асыру шеңберіндегі сыйақының (мүдденің) рыноктық ставкаларына ықпал ету үшін пайдаланады.";

22) 32-баптың:

бесінші бөлігіндегі "Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөлігіндегі "банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияларды кері қайтарып алған" деген сөздер "банк қызметін тоқтатқан" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөлік алынып тасталсын;

23) 34-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"34-бап. Ресми есептеу (дисконттік) ставкасы

Қазақстан Ұлттық Банкі ресми есептеу (дисконттік) ставкасына сәйкес коммерциялық вексельдерді қайта есепке алуды жүзеге асырады.

Қазақстан Ұлттық Банкі ресми есептеу (дисконттік) ставкасын ақша рыногының жалпы жай-күйіне, кредиттер бойынша сұраныс және ұсынысқа қарай анықтайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі мемлекеттік ақша-кредит саясаты шеңберінде банктердің есептеу (дисконттік) ставкаларына ықпал ету үшін есептеу (дисконттік) саясатын жүзеге асырады.

Қазақстан Ұлттық Банкі вексельдерді қайта есепке алу тәртібін және Қазақстан Ұлттық Банкі вексельдерді қайта есепке алуға қабылдауы үшін ұсынылатын шарттарды белгілейді.";

24) 35-баптың:

екінші бөлігіндегі "мен Үкіметке" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші бөлігіндегі "екінші дәрежедегі" деген сөздер алынып тасталсын;

25) 37-бабы:

баптың атауы "Банк операциялары бойынша сандық шектеулер" деп толықтырылып жазылсын.";

бірінші бөлігіндегі "процenттік ставкалары" деген сөздер "сыйақы (мүдде) ставкаларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "процестерді" деген сөзден кейін "жанама" деген сөзбен толықтырылсын;

26) 39-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"39-бап. Төлем құралы

Қазақстан Ұлттық Банкінің заң актілерінде, нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасында бірден-бір заңды төлем құралы Қазақстан теңгесі болып табылады".

27) 40-баптағы, 42-баптың бірінші бөлігіндегі және 47-баптағы "ақша қаражатын" деген сөздер "ақшаны" деген сөзбен ауыстырылсын;

28) 41-баптың екінші бөлігіндегі "резервінің" деген сөз "активтерінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

29) 47-баптағы "қолданылып жүрген заңдарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заң актілеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 48-баптың екінші бөлігі алынып тасталсын;

31) 49-баптағы "құқықтық тәртібін" деген сөзден кейін "банктік" деген сөзбен толықтырылсын;

32) 51-бап алынып тасталсын;

33) 52-баптың:

екінші азатжолындағы "жоғары сыныпты (өтімділігі жоғары тәуекелсіз)" деген сөздер "өтімділігі жоғары, тәуекелсіз" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші азатжолындағы "чектерін, жай және аударым вексельдерін сатып алады және сатады" деген сөздер "қайта есепке алады" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші азатжолындағы:

"облигациялар" деген сөз алынып тасталсын;

"дисконтты және проценттік" деген сөз "борыштық" деген сөзбен ауыстырылсын;

сегізінші азатжолындағы "мекемелерінде" деген сөз "ұйымдарында" деген сөзбен ауыстырылсын;

тоғызыншы азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"- чектер жазады және вексельдер береді;";

34) 53-баптың:

бірінші бөлігінің:

екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

" - аффинирленген алтын;";

төртінші және бесінші азатжолдарындағы "жоғары сыныпты" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші бөлігіндегі "проценттер" деген сөз "сыйақы (мүдде) төленбеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 54-баптың бірінші бөлігінің:

екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

" - осы Жарлықта көзделген жағдайларды қоспағанда, ұйымдарға қызмет көрсету, сондай-ақ заңды тұлғалардың акцияларын сатып алуға;";

үшінші азатжолындағы "мен оның бөлімшелерінің" деген сөздер "мен оның филиалдарының, өкілеттіктері мен ұйымдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) Х тараудың атауындағы "және арнайы резервтер" деген сөздер алынып тасталсын;

37) 56-баптың бірінші бөлігінің:

а) тармақшасындағы "процент ставкаларының" деген сөздер "сыйақы (мүдде) ставкаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

в) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі банктерде Қазақстан Республикасының резиденттеріне шет ел валютасымен шоттар ашудың тиімділігін, тәртібі мен шарттарын анықтайды және шоттар ашуға рұқсат береді" деген сөздер шет ел банктерінде Қазақстан Республикасының резиденттеріне " шет ел валютасымен банк шоттарын ашу шарттарын анықтайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

г) және д) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"г) беру, тіркеу ережелерін белгілейді және валюта заңдарында көзделгендей, валюталық операциялар жүргізуге лицензиялар береді;

д) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шет ел валютасына шаққандағы бағамын, оның ішінде бухгалтерлік есеп жүргізу, кедендік және салық төлемдері, сондай-ақ шет ел валюталарымен және бағалы металдармен жасалатын операциялар бойынша Қазақстан теңгесіне рыноктық баға белгілеу мақсаты үшін Қазақстан Ұлттық Банкінің ресми бағамын белгілеу жолымен реттейді";

е) тармақшасындағы "резервтерін" деген сөздер "активтерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

ж) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"ж) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және уәкілдік берілген мемлекеттік статистикалық органдармен келісім бойынша Қазақстан Республикасындағы барлық заңды және жеке тұлғалардың орындаулары үшін міндетті валюталық операциялар бойынша есеп жүргізу мен есеп беру тәртібі мен нысандарын белгілейді;";

и) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"и) банктер мен өзге тұлғалардың Қазақстан Республикасының банктік және валюталық заңдарын бұзу фактілері анықталған жағдайда, банктік және валюталық заңдарда көзделген санкцияларды қолдануға құқылы;";

л) тармақшасындағы "шет ел валютасындағы ақша қаражатын" деген сөздер "шет ел валютасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

м) тармақшасы алынып тасталсын;

н), о), п) тармақшалары тиісінше м), н), о) тармақшалары деп есептелсін;

м) және н) тармақшаларындағы "шет елден" деген сөздер "Қазақстан Республикасының резидент еместерінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

о) тармақшасындағы "режимді енгізу және өзгерту" деген сөздер "режимді енгізеді және өзгертеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

38) 57-бапта:

баптың атауындағы "валютамен" деген сөздің алдынан "шетелдік" деген сөзбен

толықтырылсын;

бірінші азатжолы "құндылықтарымен" деген сөзден кейін "және бағалы металдармен" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші азатжолындағы "қазынашылық вексельдері мен басқа да" деген сөздер алынып тасталсын;

төртінші және бесінші, алтыншы азатжолдары мынадай редакцияда жазылсын:

- өздері тіркелген мемлекеттердің заңдары бойынша тиісті құқығы бар банктерде, шет елдердің орталық банктері мен банктерінде, қаржы институттарында, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдарында шот ашуға;

- өздері тіркелген мемлекеттердің заңдары бойынша тиісті құқығы бар шетелдік орталық банк, банктер мен басқа да қаржы институттары, шет елдер үкіметі мен олардың агенттері, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдары үшін шот ашып, оны жүргізуге, өкіл немесе корреспондент ретінде іс-әрекет жасауға;

" - аффинирленген алтынды, бағалы металдарды, асыл тастарды және одан жасалған бұйымдарды қабылдау мен сақтауды жүзеге асыруға;";

сегізінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

" - Қазақстан Республикасының аумағында және сыртқы рынокта аффинирленген алтын мен басқа да бағалы металдарды сатып алу мен сату жөнінде операциялар жүргізуге;";

бап мынадай мазмұндағы тоғызыншы жаңа азатжолмен толықтырылсын:

" - қолданылып жүрген заңдарына белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасына валюталық құндылықтар мен бағалы металдарды әкелуге, сондай-ақ оларды шет ел банктеріндегі және мамандандырылған қаржы ұйымдарындағы өз шоттарына орналастыру үшін шет елдерге шығаруға құқылы";

39) 58-баптың:

баптың атауы мен мәтініндегі "резервтері", "резервтердің", "резервтерін" деген сөздер тиісінше "активтері", "активтердің", "активтерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктің:

екінші азатжолындағы "алтыннан" деген сөз "аффинирленген алтыннан" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші азатжолдағы "сақтаулы банк қаражатынан" деген сөздер "және Қазақстан Республикасындағы Қазақстан Ұлттық Банкінің шоттарындағы қаржылардың қалдықтарынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші, алтыншы және жетінші азатжолдар мынадай редакцияда жазылсын:

" - шет ел валютасындағы жай және аударым вексельдерінен;

- шет елдер үкіметтері немесе халықаралық қаржы ұйымдары шығарып, кепілдік берген бағалы қағаздардан;

- мұндай активтердің өтімділігі мен сақталуы қамтамасыз етілген жағдайда шет ел

валютасында деноминирленген басқа да сыртқы активтерден құралады.";
бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
"Қазақстан Ұлттық Банкі алтын-валюта активтерінің құрылымын және олардың орналастырылуын анықтайды.";
екінші, үшінші және төртінші бөліктер тиісінше үшінші, төртінші және бесінші бөліктер деп есептелсін;
үшінші бөліктегі "Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен" деген сөздер "осы Жарлықпен" деген сөздермен ауыстырылсын;
төртінші бөліктің:
бірінші азатжолындағы "алтын-валюта резервтерін толықтыру" деген сөздер " алтын-валюта активтерінің құрылымын ұлғайту және өзгерту" деген сөздермен ауыстырылсын;
төртінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:
"Қазақстан Ұлттық Банкінің шет ел валютасымен жүзеге асыратын депозит, салым, дилинг операцияларынан және шет ел валютасында деноминирленген бағалы қағаздар операцияларынан, сондай-ақ шет ел валютасымен беретін кредиттерінен түсетін комиссиялық және басқа сыйақылар (мүдде);";
бесінші азатжолдағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде" деген сөздер алынып тасталсын;
алтыншы азатжолдағы "Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;
бесінші бөліктегі:
бірінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:
"Алтын-валюта активтерін азайтуды Қазақстан Ұлттық Банкі мынадай жолмен жүргізеді:";
екінші азатжолдағы "сатуға" деген сөз "сату" деген сөздермен ауыстырылсын;
үшінші азатжолдағы:
"жүзеге асыруға" деген сөздер "жүзеге асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;
"шығындарын" деген сөзден кейін "сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінің мемлекеттік сыртқы қарызына қызмет көрсетуді" деген сөздермен толықтырылсын;
төртінші азатжолдағы:
"сатуға" деген сөз "сату" деген сөзбен ауыстырылсын;
("валюталық своп" сияқты операция) деген сөздер алынып тасталсын;
бесінші азатжол мынадай мазмұнда жазылсын:
"Қазақстан Ұлттық Банкінің алған кредиті бойынша негізгі соманы және сыйақыны (мүддені), сондай-ақ комиссиялық және басқа ілеспе шығындарын қайтару.";
мынадай мазмұндағы жаңа азатжолмен толықтырылсын:
"шығынды алтын-валюта активтерін қалыптастырылған провизиялар (резервтер) есебінен есептеп шығару.";

40) 59-баптағы:

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"59-бап. Сыртқы активтердің өтімділігі және сақталуы";

мәтіндегі "валюта резервтерінің" және "валюта резервтерін" деген сөздер тиісінше "активтердің", "активтерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктегі "өтімділігі мен қауіпсіздігін" деген сөздер "өтімділігі мен сақталуын қамтамасыз етуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

41) 60-бапта:

баптың атауындағы "Валюта резервін" деген сөздер "Алтын-валюта активін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"табысы" деген сөз "жұмсалмаған табысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"резерв" деген сөз "актив" деген сөзбен ауыстырылсын;

"және валютамен" деген сөздерден кейін "сондай-ақ шет мемлекеттердің немесе халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына байланысты операциялар бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

42) 61-баптың:

бірінші және төртінші бөліктеріндегі "сондай-ақ шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші бөлігіндегі "сондай-ақ шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздер алдындағы үтірмен қоса алынып тасталсын;

бесінші бөлігіндегі "Қазақстан Ұлттық Банкі берген лицензиялар негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздер алынып тасталсын;

43) 62-баптың:

бірінші бөлігіндегі: "сондай-ақ шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын ұйымдарды" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші бөлігіндегі:

екінші азатжолындағы:

"ережелерді белгілеп, директивалар, нұсқаулықтар шығаруға" деген сөздер "нормативтік құқықтық актілер қабылдауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сондай-ақ шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші азатжолындағы "сондай-ақ шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздер алынып тасталсын;

төртінші азатжолындағы:

"сондай-ақ шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар мен мекемелер" деген сөздер алынып тасталсын;

"әрі тиімді" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы және жетінші азатжолдармен толықтырылсын:

"- банк заңдарында белгіленген жағдайларда банктің уақытша әкімшілігін (уақытша әкімін) тағайындауға;

- депозиттер мен оны іске асыру тетігінің міндетті түрде ұжымдық сақтандыру жағдайларын белгілеуге өкілетті".

44) 63-баптағы:

баптың атауы "және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттер" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөлігіндегі "екінші деңгейдегі" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Пруденциалдық нормативтерді Қазақстан Ұлттық Банкі, сондай-ақ аффинирленген тұлғалар болып табылатын, яғни заңды мәні бар іс-әрекет арқылы ұйымның қызметіне ықпал етуге қабілетті тұлғалармен, не қызметіне ұйым аталған жолмен ықпал ететін тұлға болып табылатын бірнеше банктер үшін біріктірілген негізде белгілейді.";

үшінші бөлігі алынып тасталсын;

төртінші бөлігі үшінші бөлік деп есептелсін;

үшінші бөлігінің:

екінші азатжолындағы "нормативтердің" деген сөзден кейін "және немесе өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттердің" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші азатжолындағы "проценттік тәуекелдерді" деген сөздер "тәуекелдер мен сыйақы (мүдде) ставкалары бойынша тәуекелдер" деген сөздермен ауыстырылсын;

45) 64-баптың:

екінші бөлігінің:

үшінші азатжолындағы "өтелмеген" деген сөзден кейін "немесе белгіленген заң тәртібімен алынбаған" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші азатжолындағы:

"банкротқа ұшыраған фирманы басқаруға қатысса немесе" деген сөздер "басқару органдарының құрамына енсе" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және/немесе банк операцияларын жүргізуге берілген лицензия жойылса" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

" - табыс туралы салық қызметі органдарына мәлімет беруден бас тартса немесе қасақана жалған мәлімет берсе;";

алтыншы азатжолындағы "жақын туысы болса, онда ол" деген сөздер "жақын туыстық қатынастағы адам болса, онда ол" сөздерімен ауыстырылсын;
үшінші бөлігі алынып тасталсын;

46) 67-баптың бірінші бөлігінің екінші азатжолындағы "валюта жағдайының" деген сөздер "валюта саясатының" деген сөздермен ауыстырылсын;

47) XIII тарау мынадай мазмұндағы 70-1-баппен толықтырылсын:

"70-1-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі көрсететін қызметтердің өтемділігі

Қазақстан Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қаржы министрлігіне банктік және басқа қызмет көрсету жағдайларын қоспағанда, төлемдік негізде банктік операциялар және басқа қызметтер көрсетуге құқылы. Қазақстан Ұлттық Банкі көрсететін қызметтері үшін төлем түрлері мен мөлшерін өз бетінше белгілейді.";

48) 72-баптың екінші бөлігі "заңдарына және" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын" деген сөздермен толықтырылсын;

49) 73-баптың:

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің мемлекеттік қызметші болып табылатын қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңында белгіленген мемлекеттік қызметте болуына байланысты барлық шектеулер қолданылады.";

мынадай мазмұндағы жаңа екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметкерлері банктерден Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының жазбаша рұқсатымен ғана кредит алуға құқылы";

екінші бөлік үшінші бөлік деп есептелсін;

50) 74-баптың атауындағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының" деген сөздер "осы Жарлықтың" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Z952200_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат ; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 жылғы 25 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Банкроттық туралы" заң күші бар Жарлығының және кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 9 сәуірде "Егемен Қазақстан" және " Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 12 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар кейбір Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 9 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 14 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы " 1997 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 9-баптың 1-тармағының 35) тармақшасы: "сондай-ақ гербті, қағаздар, чек кітапшаларының бланкілері және депозиттік сертификаттар" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2) 24-баптың 2-тармағының бірінші азатжолындағы "табыс" деген сөзден кейін " осы тармақтың екінші азатжолында көзделген жағдайлардан басқа кезде" деген сөздермен толықтырылсын;

16. Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 жылғы 1 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда " газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы" 1997 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1995 жылғы 15 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 27 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 12 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар кейбір Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1 ) 5 - б а п т ы ң :

3) тармақшасындағы "ақшалай қаражаттың" деген сөздер "ақшаның" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4) тармақшасындағы "қорға" деген сөздер "капиталға" деген сөзбен ауыстырылсын;

6) тармақшаның д) тармақшасындағы "проценттер" деген сөздер "сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"20) "сыйақы (мүдде)" - алынған кредиттер үшін және алынған депозиттер бойынша төлемдер";

29) тармақшаның:

б) тармақшасындағы "осындай жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар банктік емес қаржы мекемелерімен" деген сөздер "банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

в) тармақшасындағы "депозиттерін жүргізуге және" деген сөздер "депозит қабылдаумен және банктік операциялар жүргізумен" деген сөздермен ауыстырылсын;

г) тармақшасындағы "валютаның, ақшаның, банкноттың" деген сөздер "ақшаның, оның ішінде шет ел валютасындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-баптың 2-тармағындағы "теңгемен" деген сөз алдынан "ресми" деген сөзбен толықтырылсын;

3) 11-баптың:

3) тармақшасының:

екінші азатжолындағы "проценттер бойынша" деген сөздер "сыйақы (мүдде) нысанындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші азатжолдағы "ақша қаражаты" деген сөздер "ақша" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 13-баптың:

2-тармақшасы алынып тасталсын;

3), 4), 5), 6) тармақшалары тиісінше 2), 3), 4), 5) тармақшалары деп есептелсін;

4-тармақшадағы "сондай-ақ мемлекеттік (ұлттық лотереялар бойынша ұтыстар)" деген сөздер алынып тасталсын;

5) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Алынған кредит (займ) үшін сыйақы (мүдде) бойынша шегерім жасау

Алынған кредит үшін сыйақы (мүдде) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми ставкасы бойынша есептелген, осы ставканың теңгемен кредит (займ) бойынша 50 процентіне көбейтілген сомасы және шет ел валютасымен кредит (займ) бойынша 50 процентіне көбейтілген Лондон банкаралық рыногының ставкасы бойынша сома шегінде шегерілуге тиіс.";

6) 32-баптың:

баптың атауындағы "проценттер бойынша" деген сөздер "сыйақыға (мүддеге) және"

деген сөздермен ауыстырылсын;

1 және 2-тармақтарындағы "төленетін процентгерге" деген сөздер "төленетін сыйақыға (мүддеге)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармағындағы:

"бұрын салық салынған проценттер" деген сөздер "бұрын салынған сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"проценттерге" деген сөз "сыйақыға (мүддеге)" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 33-баптың 1) тармақшасындағы "проценттер" деген сөз "сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 34-баптың:

1-тармағының 8) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар банктік емес қаржы мекемелері алынған проценттер бойынша" деген сөздер "алынған сыйақы (мүдде) бойынша банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармағындағы "проценттер" деген сөз "сыйақы (мүдде)" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақтың 7-тармақшасындағы "банктердегі және банктік емес қаржы мекемелеріндегі салымдары бойынша проценттер" деген сөздер "банктер мен жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардағы салымдар бойынша сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 49-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "ақшалай қаражаты" деген сөздер "ақшасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 50-баптың:

1 тармағының 4) тармақшасындағы "проценттер" деген сөз "сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 тармағының 1) тармақшасындағы "орындайтын" деген сөз "жүзеге асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 61-баптың 1-тармағының:

10) тармақшасындағы "және оның бөлімшелерімен" деген сөздер "оның филиалдарымен және өкілдіктерімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақшасындағы "және оның бөлімшелерімен" деген сөздер "оның филиалдарымен, өкілдіктерімен және ұйымдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 123-баптың 3-тармағының 5) тармақшасындағы, 129-баптың 7) тармақшасындағы және 134-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "және оның бөлімшелері" деген сөздер "оның филиалдары, өкілдіктері және ұйымдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 138-баптың 1-тармағының бірінші азатжолындағы "ақша қаражатымен" деген сөздер "ақшамен" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) 147-баптың:

бірінші бөлігіндегі "орындаушы" деген сөз "жүзеге асырушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшасындағы "есеп айырысу шоттары мен өзге де" деген сөздер "банктік" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақшасының:

бірінші азатжолындағы "есеп айырысу немесе басқа" деген сөздер "банктік" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші азатжолындағы:

"белгілеген" деген сөзден кейін "теңгенің банктік" деген сөздермен толықтырылсын;

"валюталық шоттарынан" деген сөздер "банк шоттарындағы шет ел валютасындағы қаржыдан" деген сөздермен ауыстырылсын;

"белгілеген" деген сөз "белгіленген" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші азатжолындағы:

"ақша қаражатын" және "ақша қаражатына" деген сөздер "ақшасы" және "ақшасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"банктердегі есеп айырысу (ағымдағы) шоттарындағы" деген сөздер "банк шоттарындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшасындағы "есеп айырысу немесе өзге" деген сөздер "банктік" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) тармақшасындағы "есеп айырысу немесе өзге", "ақша қаражаты" деген сөздер тиісінше "банктік", "ақша" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақшасындағы "есеп айырысу және басқа да" деген сөздер "банктік" деген сөзбен ауыстырылсын;

6) тармақшасындағы:

"белгілі бір уақыт ішінде есеп айырысу шоттарынан немесе өзге шоттардан ақша қаражатының бар-жоғы туралы" деген сөздер "белгілі бір уақыт ішінде банк шоттарынан банк шоттарында ақша қаражатының бар-жоғы туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"есептелген проценттер туралы" деген сөздер "есептелген сыйақы (мүдде) туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 161-баптың:

мәтініндегі "1,5 есе" деген сөздерден кейін "ресми" деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармағындағы "1,5 есе мөлшерінде процент" деген сөздер "1,5 есе мөлшеріндегі ресми айыппұл" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 164-баптың:

1-тармағының:

1) тармақшасындағы "есеп айырысу шоттары және өзге" деген сөздер "банктік"

деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақшасындағы:

"есеп айырысу шоттары және басқа да" деген сөздер "банктік" деген сөзбен ауыстырылсын;

"шоттарынан" деген сөз "банк шоттарынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармағындағы "1,5 есе" деген сөздердің алдынан "ресми" деген сөзбен толықтырылсын;

17) 172-баптың:

1) тармақшасындағы "ақшалай қаражатын" деген сөздер "ақшасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақшасындағы "есеп айырысу және басқа" деген сөздер "банктік" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) тармақшасындағы "ақша-валюта қаражатының" деген сөздер "ақшаның" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) тармақшасындағы "ақшалай қаражатының" деген сөздер "банктегі ақшаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) тармақшасындағы "және оның бөлімшелері" деген сөздер "оның филиалдарында, өкілдіктері және ұйымдарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

17. Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестіктері туралы" 1995 жылғы 2 мамырдағы N 2255 U952255_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 7, 49-құжат; N 15-16, 109-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 жылғы 25 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 3-тармағындағы "ақшалай қаражаты" деген сөздер "ақшасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 6-баптың:

2-тармағындағы "ақшалай қаражат" деген сөздер "ақша" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармағындағы "ақшалай қаражаттан" деген сөздер "ақшадан" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 57-баптың 2-тармағындағы "төленбеген бөліктің сомасы үшін процент төлеуге міндетті. Процент мөлшері өтем жасау күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген банктік проценттің орташа есептеу ставкасына қарай есептеледі" деген сөздер "төленбеген бөліктің сомасына айыпақы төлеуге міндетті. Айыпақының

мөлшері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасына қарай есептеледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 57-баптың 5-тармағындағы "банктік емес қаржы мекемелері", "банктік емес қаржы мекемелерінде", "банктік емес қаржы мекемелері" деген сөздер "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар", "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда", "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

18. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат; N 24, 164-құжат; 1997 жылғы 25 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Мемлекеттік банктердің құқықтық ережелерінің, құрылуының, лицензиялануының, қызметінің реттелуінің, жауапкершілігінің, қайта ұйымдастырылуы мен таратылу шарттарының ерекшеліктері қолданылып жүрген банк заңдарымен белгіленеді.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құратын кәсіпорындар Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар болып табылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кәсіпорындарының қызметін құру, реттеу және тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген ерекшеліктерін ескере отырып, осы Жарлықпен белгіленеді.";

2) 3-баптың 1-тармағындағы "органдары" деген сөзден кейін "сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 4-баптың 1-тармағындағы "Үкіметінің" деген сөздер "немесе Ұлттық Банктің" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 16-баптың 2-тармағының екінші азатжолындағы "ақша қаражаты" деген сөздер " ақшасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 21-баптың 2-тармағының екінші азатжолындағы "проценттік" деген сөз "сыйақы (мүдде)" деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 25-баптың:

1-тармағының 3) тармақшасының бірінші азатжолындағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кредиттер бойынша белгілеген процент ставкасынан төмен процентпен төлеумен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасынан төмен сыйақы (мүдде) есептеумен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "ақшалай қаражатты" деген сөздер "ақшаны" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 44-баптың:

1-тармағындағы "ақшалай қаражатпен" деген сөздер "ақшамен" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармағындағы "ақшалай қаражаты" деген сөздер "ақшасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 45-баптың:

2-тармағының 1) тармақшасындағы "ақшалай қаражат" деген сөздер "ақша" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармағындағы "ақшалай қаражаты" деген сөздер "ақшасы" деген сөзбен ауыстырылсын.

19. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Z952444_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде 1997 жылғы 12 наурызда жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы" 1997 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде (бұдан әрі - Әділет министрлігі) банк ретінде мемлекеттік тіркеумен және банк операцияларын жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) лицензиясы болуымен белгіленеді.";

2) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Депозит

Депозит - бір тұлға (депозитордың) басқа тұлғаға - банкке (оның ішінде Ұлттық Банкке) аталған күйінде қайтарылуға тиіс деген шартпен алғашқы талап ету бойынша немесе белгілі бір мерзім өткеннен кейін толық немесе бөліп-бөліп, алдын-ала келісілген үстемесімен немесе ондай үстемесіз, депозиторға тікелей қайтарылуға не оның тапсыруымен үшінші бір тұлғаға берілуге тиістілігіне қарамастан беретін ақша.";

3) 3-баптың:

4-тармағындағы:

бірінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік банк - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде

құрылған екінші деңгейдегі банк.";
екінші азатжолындағы "нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын;
5 және 6-тармақтар алынып тасталсын;
7 және 8 тармақтар тиісінше 5 және 6-тармақтар болып есептелсін;
5-тармақтағы "елу процентінен" деген сөздер "үштен бірінен" сөздерімен ауыстырылсын;
6-тармағындағы:
"жарғылық қорының иелері" деген сөздер "құрылтайшылары" деген сөзбен ауыстырылсын;
"Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздерден кейін "(немесе уәкілеттік берген мемлекеттік орган)" деген сөздермен толықтырылсын;
4) 4-баптың:
"заң актілерімен, осы Жарлықпен, Қазақстан Республикасы Президентінің басқа да актілерімен" деген сөздер "заңдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;
"нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын;
5) 5-бапта:
баптың атауында және мәтінінде "Банктік емес қаржы мекемесі" деген сөздер "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;
"жекелеген банк операцияларын" деген сөздер "осы Жарлықта көзделген жекелеген банк операцияларын" деген сөздермен ауыстырылсын;
6) 6-баптың:
1-тармағында:
бірінші азатжолындағы "Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздер алынып тасталсын;
а) тармақшасындағы:
"Депозиттер қабылдауға, сондай-ақ" деген сөздер алынып тасталсын;
"өзге де" деген сөздер алынып тасталсын;
в) тармақшасындағы:
"депозиттер қабылдайтындай" деген сөздер алынып тасталсын;
"басқа да" деген сөздер алынып тасталсын;
2-тармақ алынып тасталсын;
3-тармақ 2-тармақ болып есептелсін;
7) 7-баптың 2-тармағында:
бірінші азатжолындағы "жарғылық қорлар" деген сөздер "жарғылық капитал" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші азатжолындағы "жарғылық қорларындағы" деген сөздер "(немесе олар уәкілеттік берген мемлекеттік органның) жарғылық капиталындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Банктер үшін тыйым салынған және шектелген қызмет

1. Банктерге банк қызметіне жатпайтын не осы Жарлықтың 30-бабының 4-тармағында көзделмеген кәсіпкерлік қызмет ретіндегі операциялар мен мәмілелерді жүзеге асыруға, сондай-ақ осы баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген реттерді қоспағанда, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға тыйым салынады.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген тыйым салу мына жағдайларда:

а) банктердің, мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияларының, инвестициялық қорлардың, сақтандыру ұйымдарының, лизинг беруші ұйымдардың, сондай-ақ акциялары қор биржасында листингтен өткен заңды тұлғалардың (бір эмитенттің акциялары олардың жалпы санының он бес процентінен аспайтын мөлшерде) жарғылық капиталына банктердің қатысуына;

б) қаржы рыногының инфрақұрылымдық бөлігі болып табылатын және (немесе) банк қызметін автоматтандыруды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жарғылық капиталына банктердің қатысуына;

в) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асырушы ұйымдардың жарғылық капиталына банктердің қатысуына;

г) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына осы ұйымдардың кепіл ретінде қабылданған акциялары банктердің оларды іске жаратуына дейін кепіл туралы келісім шарттарына сәйкес банктердің меншігіне көшкен реттерде банктердің қатысуына;

д) заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы акциялар пакетін және қатысу үлесін (қатысушылар салымдарын) банктердің сенім білдірілген бақылауына;

е) банкроттық рәсімдерінде төлем қабілеті жоқ борышкерлер мүлкі мен істерін басқару жөніндегі қызметке қолданылмайды.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделгендей заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысудан басқа банктерге мынадай қызметтер түрімен шұғылдануға рұқсат етіледі:

а) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға;

б) кез келген ақпарат тарату түрлерінде банк қызметінің мәселелері жөніндегі арнаулы әдебиеттерді сатуға;

в) өз мүліктерін сатуға;

г) заем алушының кепілге берген мүліктерін осы Жарлықта және қолданылып жүрген өзге де заңдарда белгіленген тәртіппен сатуға;

д) қаржы қызметіне байланысты мәселелер жөнінде кеңес беру қызметін көрсетуге;

е) банк қызметіне байланысты мәселелер жөнінде басқа да тұлғалардың мүддесін білдіруге;

ж) банк-қаржы қызметі саласындағы мамандардың біліктілігін көтеру жөніндегі оқуды ұйымдастыруға";

9) 10-баптың 3-тармағындағы "процenttік ставкаларды" деген сөздер "сыйақы (мүдде) ставкаларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 11-баптың:

2-тармағындағы:

"жарғылық қорының" деген сөздер "жарғылық капиталының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Еншілес банктің басқа еншілес банк құруға құқығы жоқ";

3-тармағындағы "құрылады" деген сөзден кейін "жабылады" деген сөзбен толықтырылсын;

11) 12-баптың:

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банктер жабық акционерлік қоғамдар нысанында ұсынушыға арналған акциялар шығару құқығынсыз құрылады.

Мемлекеттік банктер мемлекеттік кәсіпорындар нысанында құрылуы да мүмкін;

2-тармағындағы:

"Банкті ашық үлгідегі" деген сөздерден кейін "ашық" деген сөзбен толықтырылсын;

"ашық үлгідегі" деген сөздер алынып тасталсын;

"депозиттер қабылдауға және ақшалай нысанда кредиттер беруге" деген сөздер "банк операцияларын жүргізуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"лимиттерді сақтаған жағдайда" деген сөздерден кейін "Ұлттық Банк рұқсат еткен жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармағындағы:

"акционерлік қоғам болып қайта құрылғаннан кейін" деген сөздердің алдынан "ашық" деген сөзбен толықтырылсын;

"ашық үлгідегі" деген сөздер алынып тасталсын;

4-тармақ алынып тасталсын;

12) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Ұлттық Банктің банк ашуға рұқсат беруі

1. Банк ашуға рұқсат беру тәртібі мен оған рұқсат беруден бас тарту негіздері банк заңдарында белгіленеді.

2. Банк ашуға берілген рұқсаттың банк операцияларын жүргізуге банкке лицензия беру туралы Ұлттық Банк шешім қабылдағанға дейін заңды күші болады.

Банк ашуға берілген рұқсатты Ұлттық Банк кері қайтарып ала алады.

3. Банк операцияларын жүргізуге лицензия берілген жағдайда немесе банктің қызметін тоқтату туралы сот шешім қабылдаған жағдайда банк ашуға берілген рұқсатты банк Ұлттық Банкке қайтаруға тиіс.

4. Банк өзіне банк ашуға берілген рұқсатты ерікті түрде қайтаруға және заңда белгіленген тәртіппен қайта тіркелуге құқықты";

13) 14-баптың:

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банк Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында заңды тұлғалар үшін белгіленген тәртіппен, банк заңдарында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып құрылады.";

2-тармағындағы:

бірінші азатжолындағы "шаруашылық серіктестіктер туралы" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші азатжолдағы "фирмалық" деген сөз алынып тасталсын;

3-тармағының:

бірінші азатжолындағы "шаруашылық серіктестіктер туралы" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші азатжолындағы "фирмалық" деген сөз алынып тасталсын;

үшінші азатжол алынып тасталсын;

төртінші азатжолындағы "және пайдалану принциптері" деген сөздер "түрлері мен тәртібі туралы мәліметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 15-баптың 1-тармағындағы:

бірінші азатжолдағы "фирмалық" деген сөз алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жаңа екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Банктің атауында міндетті түрде "банк" деген сөз немесе одан туындайтын сөз болуы тиіс";

15) 16-баптың:

атауындағы "жарғылық қоры" деген сөздер "жарғылық және меншік" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банктің жарғылық капиталы (мемлекеттік банктен басқа) акцияларды сату не құрылтайшылардың жарналары есебінен құралады";

2-тармағындағы "ақшалай қаражаттармен" деген сөздер "ақшамен" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Банктің жарғылық капиталына құрылтайшылардың меншік капиталының

шегінде олардың басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталының акцияларына орналастырылған активтері мен қатысу үлесін есептен шығарып тастағаннан кейін, ақша енгізілуі мүмкін.";

5-тармағындағы "жарғылық қорына" деген сөз "жарғылық капиталына" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Банктің өз акцияларын банкке бақылау жасау құқығы бар акционерлерден сатып алуға құқығы жоқ.";

7-тармағындағы "Банк капиталы" деген сөздер "Банктің өз меншігіндегі капиталы ( бұдан әрі - Банк капиталы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармағының:

бірінші азатжолындағы "жарғылық қорындағы" деген сөздер "жарғылық капиталындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жаңа үшінші азатжолмен толықтырылсын:

"Банкке талаптар қойылуы мүмкін міндеттемелерді орындау мерзімі басталған жағдайда, бірақ ол талаптар банктің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдағанға дейін қойылмаса, жеке және заңды тұлғалардың депозиттері бойынша талаптарды қоспағанда, мұндай талаптар өтелген болып есептеледі.";

16) 17-баптың:

2-тармағында:

"жарғылық қорының" деген сөздер "жарғылық капиталының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармағының бірінші азатжолындағы "оның бірде-бір құрылтайшысы (акционері)" деген сөздер "бірде-бір адам, оның құрылтайшыларын (акционерлерін) қоса," деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 18-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Осы тармақтың талаптары Қазақстан Республикасының резиденті емес банктері Қазақстан Республикасының резидент банктері акцияларының елу проценттен астамын сатып алу жағдайларына қолданылмайды";

18) 19-баптың:

3-тармағында:

б) тармақшасындағы "фирманың" деген сөз "ұйымның" деген сөзбен ауыстырылсын;

в) тармақшасындағы "жарғылық қорына" деген сөздер "жарғылық капиталына" деген сөздермен ауыстырылсын;

г) тармақшасының бірінші азатжолындағы "банк емес қаржы мекемесі және үшінші азатжолындағы", "банк емес қаржы мекемесінің" деген сөздер тиісінше "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар", "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздермен

ауыстырылсын;

үшінші азатжолындағы "фирманың" деген сөз "ұйымның" деген сөзбен ауыстырылсын;

д) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"д) осы Жарлықта белгіленген талаптарға сәйкес банктің басшы қызметкерлері лауазымына тағайындау (сайлау) үшін ұсынылатын адамдар туралы мәліметтер";

е) және ж) тармақшалары алынып тасталсын;

з), и), к), л), м), н) тармақшалары тиісінше е), ж), з), и), к), л) тармақшалары болып есептелсін;

мынадай мазмұндағы жаңа азатжолмен толықтырылсын:

"Осы тармақтың ж), з), и) тармақшаларында көзделген құжаттарды банктің уәкілеттік берілген органдары бекітуі тиіс";

4-тармағындағы "фирманың" деген сөз "ұйымның" деген сөзбен ауыстырылсын;

19) 20-баптың:

1-тармағындағы "және олардың орынбасарлары" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармағындағы "осы баптың 3-5-тармақтарында" деген сөздер "осы бапта" деген сөзбен ауыстырылсын. "Олардың" деген сөздің алдынан "Банктің басшы қызметкерлері қызметке Ұлттық Банктің келісімімен тағайындалады, сайланады" деген сөздермен толықтырылсын;

3 және 4-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Атқаратын қызметіне сай келмейтін немесе банктің басшы қызметкері лауазымына тағайындауға болмайды деп:

а) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

б) банк заңдары жөніндегі білімді жеткілікті игермеген;

в) белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған банкті немесе басқа заңды тұлғаны еріксіз тарату туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын мерзім ішінде бұрын банктің немесе басқа заңды тұлғаның бірінші басшысы (Басқарма төрағасы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған адамдар танылады. Осы аталған талап заңдарда белгіленген тәртіппен банкті мәжбүрлеп тарату немесе заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданған күнге дейін бес жыл бойы қолданылады.

4. Байқаушы кеңестің төрағасы, банк Басқармасының төрағасы және оның орынбасары лауазымына тағайындау үшін міндетті түрде жоғары білімі болуы тиіс. Банктің бас бухгалтерінің, филиалдың бірінші басшысы мен бас бухгалтерінің жұмыстың кәсіби бағдарына сай жоғары немесе арнаулы орта білімі болуы тиіс.";

5-тармақтың:

бірінші азатжолындағы:

"қызметке Ұлттық Банктің келісімімен тағайындалады (сайланады) және" деген сөздер алынып тасталсын;

бірінші азатжолы "банк филиалы бірінші басшысының және бас бухгалтерінің

жұмыс стажы бір жылдан" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші азатжолдағы "Аталған" деген сөз "Басшы" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші азатжолдармен толықтырылсын:

"Кандидатурасы банктің басшы қызметкері лауазымына алыну үшін келісуге ұсынылған адамның қызмет міндеттерін нақты орындап жүргеніне қарамастан, Ұлттық Банк оның тағайындалуына, сайлануына келісім беруден бас тартқан жағдайда, банк Ұлттық Банктің шешімін алған сәттен бастап аталған қызметкер атқарып жүрген қызметінен 30 күннен аспайтын мерзімде босатылуы тиіс. Осы баптың талаптарына сәйкес банк қызметкерінің кандидатурасын келісу кезеңінде қызметке жаңадан қабылданатын адамдар міндеттерін мерзімді еңбек шарты бойынша атқарады.";

20) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Қазақстан Республикасының резиденті еместердің қатысуымен банк құру үшін қажетті қосымша құжаттама

1. Банктің құрылтайшысы болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды немесе жеке тұлға, осы Жарлықтың 19-бабында көрсетілген құжаттардан басқа, банк ашуға рұқсат беру туралы өтінішіне, тиісті мемлекеттің уәкілетті органының (резидент емес банктер үшін - банктік қадағалау органының) осы тұлғаға Қазақстан Республикасының резиденті - банктің жарғылық капиталына қатысуға рұқсат берілгені туралы жазбаша хабарламасын не тиісті мемлекеттің уәкілетті органының (резидент емес банктер үшін - банктік қадағалау органының) мемлекеттің заңдары бойынша аталған құрылтайшыдан мұндай рұқсат талап етілмейтіндігі туралы мәлімдемесін қоса тіркеуге міндетті.

2. Банктің құрылтайшысы не қатысушысы болып табылатын, банкке бақылау жасау құқығын беруді өтінуші резидент емес-заңды тұлға 19-бапта және осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа мына құжаттарды табыс етуге міндетті:

а) құрылтайшы-заңды тұлғаның тиісті органының Қазақстан Республикасының резидент-банкіне өзінің қатысуы туралы шешімі;

б) Осы Жарлықтың 19-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес заңды тұлғаның аудиторлық ұйым (аудитор) куәландырған соңғы үш қаржылық (операциялық) жылындағы тиісті дәрежеде ресімделген (жинақталған баланс пен пайда және шығын туралы есепті қоса) жылдық есебі.

3. Банк құрылтайшысы не қатысушысы болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент емес банкі 19-бапта және осы баптың 1-2-тармақтарында көрсетілген құжаттардан басқа мынадай құжаттар беруге міндетті:

а) тиісті мемлекеттің банктік қадағалау органының банктік банк қызметін жүзеге асыруға арналған күшіндегі лицензиясы бар екенін жазбаша растауы;

б) тиісті мемлекеттің банктік қадағалау органының банктің біріккен негізінде қадағалауға жататындығын жазбаша растауы";

21) 22-баптың:
1-тармағында:
а) тармақшасындағы "қоры" және "қорының" деген сөздер тиісінше "капиталы" және "капиталының" сөздерімен ауыстырылсын;
в) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы азатжолдары осы тармақшаның екінші азатжолы болып есептеліп, мынадай редакцияда жазылсын:
"Ішкі активтердің тізбесін Ұлттық Банк белгілейді";
2-тармағындағы "пруденциалдық нормативтер" деген сөздердің алдынан "сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің" деген сөздермен толықтырылсын;
22) 23-баптың 1-тармағындағы:
"алты" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;
"тоғыз" деген сөз "алты" сөзімен ауыстырылсын;
23) 24-баптың 1-тармағының "в" тармақшасындағы "жарғылық қоры" деген сөздер " жарғылық капиталы" деген сөздермен ауыстырылсын;
24) 25-баптың бірінші бөлігі "және оның құрылтай құжаттары Ұлттық Банкпен келісілгендігін растайтын деректер" деген сөздермен толықтырылсын;
25) 26-баптың:
1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші азатжолмен толықтырылсын:
"Лицензия берілгені үшін алым алынады, оның мөлшері мен төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді";
2-тармақтың "б" тармақшасындағы "жарғылық қорға" деген сөздер "жарғылық капиталға" деген сөздермен ауыстырылсын;
8-тармағындағы "Ұлттық Банк республикалық екі газетте" деген сөздер "Ұлттық Банктің ресми басылымдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:
"9. Банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияның тиісті дәрежеде куәландырылған көшірмесі банк клиенттері көруіне оңтайлы жерге орналастырылуы тиіс";
26) 28-баптың:
1-тармағындағы "Банктің құрылтай құжаттарына енгізілетін" деген сөздерден кейін "оның ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:
"3. Банкті банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым ретінде ерікті түрде қайта құру шарты, негізі және тәртібі Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді";
27) 29-бапта:
баптың атауындағы "құру" деген сөзден кейін "жабу" деген сөзбен толықтырылсын;

1-тармақтың екінші азатжолындағы "жарғылық қоры" деген сөздер алынып

тасталсын;

3-тармақтың б) тармақшасындағы "19-бабы 3-тармағының ж) тармақшасының" деген сөздер "19-бабы 3-тармағының және 20-бабы 3-5-тармақтарының" сөздерімен ауыстырылсын;

5-тармағының:

а) тармақшасындағы "осы Жарлықтың" деген сөзден кейін "19-бабының 3-тармағында және" сөздерімен толықтырылсын;

в) тармақшасы "нормативтерді" деген сөзден кейін "және (немесе) өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттердің" сөздерімен толықтырылсын;

г) тармақшасы "нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын;

7-тармақтың г) тармақшасындағы "фирма" деген сөз "ұйым" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Банктердің филиалдары мен өкілдіктерін жабу қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Банк филиалын жатқан кездегі есептік тіркеу деректеріне өзгертулер Ұлттық Банкпен алдын ала келісілгеннен кейін әділет органдарына табыс етіледі";

28) 30-бапта:

2-тармағының:

в) тармақшасындағы "банк емес қаржы мекемелерінің" деген сөздер "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

г) тармақшасындағы:

"айырбастау" деген сөзден кейін "сұрыптау" деген сөзбен толықтырылсын;

д) тармақшасындағы "ақшалай қаражатын" деген сөздер "ақшасын" деген сөзбен ауыстырылсын;

з) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"з) жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың, оның ішінде корреспондент банктердің тапсырмасымен олардың банктік шоттары бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру; ";

и) тармақшасындағы "ақшалай қаражатты" деген сөздер "ақшаны" деген сөзбен ауыстырылсын;

к) тармақшасы "клиринг" деген сөзден кейін "(есеп айырысу)" деген сөзбен толықтырылсын;

н), о) тармақшалары алынып тасталсын;

п), р), с) тармақшалары тиісінше н), о), п) тармақшалары болып есептелсін;

соңғы азатжолы алынып тасталсын;

3-тармақтың:

а) тармақшасындағы:

"бағалы металдарды" деген сөздердің алдынан "тазартылған" деген сөзбен толықтырылсын;

"ұсақталған, ұнтақ, кристалл" деген сөздер алынып тасталсын;

б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) депозиттік сертификаттар шығару";

д) тармақшасындағы "(акциялар, облигациялар, вексельдер мен депозиттік сертификаттар)" деген сөздер "(акцияларды қоспағанда)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Банктер бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің мынадай:

а) мемлекеттік бағалы қағаздармен делдалдық;

б) мемлекеттік бағалы қағаздармен-дилерлік;

в) кастодиалдық;

г) клирингтік түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

Банктердің бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің жоғарыда аталған бір немесе бірнеше бірлескен түрлерін жүзеге асыруына лицензияларды Ұлттық Банктің келісімімен уәкілетті орган береді.";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде банктік болып табылмайтын қызметтің жекелеген түрлеріне банктердің лицензия алуымен байланысты олар үшін, сондай-ақ осы Жарлыққа сәйкес ұйымдардың жарғылық капиталына қатысушы банктер үшін қосымша талаптар белгіленуі мүмкін.";

29) 31-баптың 2-тармағында:

бірінші азатжолдағы "жалпы шарттарын" деген сөздер "жалпы шарттары туралы ережелерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"б" тармақшасындағы "проценттік ставканың" деген сөздер "сыйақы (мүдде) ставкасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"в" тармақшасындағы "проценттер" деген сөз "сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 32-баптың 2-тармағындағы "жалпы шарттары" деген сөздер "жалпы шарттар туралы ережесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 33-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банк клиенттері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, кредитор-банкті хабардар ете отырып, басқа банктерде банктік шоттар ашуға құқылы";

32) 34-бапта:

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"34-бап. Несие операциясы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Несие операциясы дегеніміз банктің басқа тұлғаларға қайтарымдылық және ақы төлеу шартымен ақша беруі болып табылады.";

2-тармақтағы "бекітетін ішкі кредит саясатына" деген сөздер "бекітетін ішкі кредит саясаты туралы ережеге" деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 36-баптың үшінші азатжолындағы "ақшалай қаражатынан" деген сөздер " ақшасынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 37-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"37-бап. Талап қою және қуынымның ескіру мерзімі

Банктердің кредит шарттарын тиісті дәрежеде орындамағаны үшін қарыз алушыларға қойған талаптарына талап қою мен қуынымның ескіру мерзімі қолданылмайды".

35) 38-бапта:

"ақшалай қаражаттар", "ақшалай қаражаттардың" деген сөздер "ақша", "ақшаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "шығарып тастауға" деген сөздер "алып қоюға" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 39-баптағы "проценттер" деген сөз "сыйақылар (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

37) 40-бапта:

2-тармақтың үшінші азатжолындағы "проценттер" деген сөз "сыйақылар (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың "б" тармақшасындағы "жеке" деген сөзден кейін "немесе заңды" деген сөздермен толықтырылсын;

38) 41-баптың үшінші азатжолындағы "нұсқаулықтар мен басқа да нормативтік" деген сөздер "нормативтік құқықтық" деген сөздермен ауыстырылсын;

39) 42-бапта:

1-тармақтың:

екінші азатжолындағы "жарғылық қорының" деген сөз "жарғылық капиталының" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші азатжолындағы "өз қаражаты" деген сөздер "өз капиталы" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші азатжолындағы "нормативтер" деген сөзден кейін "және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттер" деген сөздермен толықтырылсын;

сегізінші азатжолындағы "нормативтерді" деген сөзден кейін "және (немесе) өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы "нормативтерді" деген сөзден кейін "және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді" деген сөздермен толықтырылсын;

40) 45-баптың үшінші азатжолындағы "провизия" деген сөзден кейін "(резервтер)" деген сөздермен ауыстырылсын;

41) 45-баптың үшінші азатжолындағы "жарғылық қорды" деген сөздер "жарғылық капиталды" деген сөздермен ауыстырылсын;

42) 46-баптың:

1-тармағындағы:

"нұсқаулықтар мен басқа да нормативтік" деген сөздер "нормативтік құқықтық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мынадай" деген сөзден кейін "шектеулі" деген сөзбен толықтырылсын;

7-тармақтағы "нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын;

43) 47-бапта:

2-тармағының:

а) тармақшасындағы "заңдарында" деген сөз "заң актілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы е) тармақшасымен толықтырылсын:

"е) төраға мен Байқаушы кеңестің мүшелерінен басқа, осы Жарлықтың 20-бабында көрсетілген адамдарды осы мәселені банктің тиісті органы қарағанға дейін, банктің аталған басшы қызметкерінің (қызметкерлерінің) іс-әрекетінің қолданылып жүрген заң талаптарына сай келмейтінін тануға жеткілікті мәліметтер негізінде лауазымды міндеттерін атқарудан шеттету";

мынадай мазмұндағы 4-8-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Банк операцияларын жүргізуге арналған барлық лицензиялардың күшін жою, қызметтің басқа түрлері бойынша лицензияларға берген келісімін Ұлттық Банктің қайтып алуына және олардың орындалуын лицензияны берген орган (органдар) тиісті шешім қабылдағанға дейін тоқтата тұруға әкеліп соқтырады.

5. Ұлттық Банктің банк операцияларын жүргізуге арналған банк лицензиясының ( лицензияларының) күшін жою туралы шешімі оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді.

6. Ұттық Банк банк операцияларын жүргізуге арналған банк лицензиясының ( лицензияларының) күшін жойғаннан кейін банктің уақытша әкімшілігін (уақытша әкімін) тағайындайды, оған барлық басқару органының өкілеттігі көшеді.

Банктің бұрынғы іс-әрекет етуші органдарының өкілеттігі тоқтатылады.

7. Ұттық Банк банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияның күші жойылғаннан кейін 10 күн мерзім ішінде белгіленген заң тәртібімен сотқа банк қызметін мәжбүрлеп тоқтату (тарату) туралы өтініш береді.

Ұлттық Банктің қабылдаған шешімі туралы ақпаратты Ұлттық Банк республикалық екі газетте жариялайды.

8. Банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияның күшін жою туралы Ұлттық

Банктің шешіміне банктің атынан тек оның акционерлері ғана шағымдануға құқылы. Аталған шешімге сот тәртібімен 10 күн мерзім ішінде шағымдануға болады.";

44) 48-бапта:

1-тармағының:

г) тармақшасындағы "және" деген сөз "және (немесе)" деген сөздермен ауыстырылсын;

з) тармақшасындағы "нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы и), к), л) тармақшаларымен толықтырылсын:

"и) осы Жарлықтың 8-бабындағы шарттарға сәйкес банктер үшін тыйым салынған және шектелген қызметтерді жүзеге асыру;

к) осы Жарлықпен, банк жарғысымен және банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиямен (лармен) белгіленген өзінің құқықтық қабілеті шегінен шығып кететін банк операцияларын жүзеге асыру;

л) банк қызметін тоқтату туралы соттың шешім қабылдауы";

45) мынадай мазмұндағы 48-1-баппен толықтырылсын:

"48-1-бап. Банктің құжаттары мен мүлкін беру

1. Банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясының күші жойылған банктің банктік немесе өзге де қызметті жүзеге асыруына құқығы жоқ, банкті ұстап тұруға арналған ағымдағы шығындарға және банкке келіп түсетін ақшаны қабылдауға байланысты жағдайларды қоспағанда, өзінде бар банк шоттары бойынша барлық операцияларды тоқтатуға міндетті.

2. Банктің жұмыс тәртібі, оған уақытша әкімшіліктің (уақытша әкімнің) тағайындалуы, сондай-ақ уақытша әкімшіліктің (уақытша әкімнің) өкілеттігі Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

3. Банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімі) банк қызметін тоқтату туралы Ұлттық Банктің өтінішімен сот іс қозғағанға дейінгі кезеңде өз қызметін жүзеге асырады.

4. Банктің уақытша әкімшілігінің (уақытша әкімінің) есебі Ұлттық Банкке және банктің қызметін тоқтату туралы Ұлттық Банктің мәлімдемесі жолданған сотқа беріледі.

5. Сот Ұлттық Банктің өтінішімен іс қозғаған күннен бастап банкке банктің ісін және мүлкін басқару жөніндегі өкілеттік берілетін арнайы басқарушыны (басқару жөніндегі уәкілдік берілген адамдарды) тағайындайды.

Лицензиясының күші жойылған Ұлттық банк қызметкерлері, сондай-ақ банк операцияларын жүргізуге берілген лицензиясының күші жойылған банк қызметкерлері және олардың жақын туысқандары банктің арнайы басқарушылары (басқару жөніндегі уәкілдері болып тағайындала алмайды).

6. Банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімі) өз өкілеттігін доғарады және банктің

құжаттары мен мүлкін банкті арнайы басқарушыға (басқару жөніндегі уәкілдік берілген адамдарға) 10 күн мерзімнен кешіктірмей өткізіп береді.

7. Банктің уақытша әкімшілігінен (уақытша әкімінен) банктің құжаттары мен мүлкін арнайы басқарушының (басқару жөніндегі уәкілдік берілген адамдардың) қабылдау-өткізуі актімен ресімделеді, ол 4 дана етіп жасалады және оны сот бекітеді. Сот бекіткен актінің бір данасы Ұлттық Банкке жіберіледі.

8. Банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімі) мен арнайы басқарушысының ( басқару жөніндегі уәкілдік берілген адамдардың) өз қызметі кезеңі ішінде осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, шығыс операцияларын жүзеге асыруға және бұрын банк жасасқан келісім шарттарды өзгертуге құқығы жоқ.

9. Банктің уақытша әкімшілігінің (уақытша әкімінің) құрамына қосылған Ұлттық Банк қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жағдайларын қоспағанда, Ұлттық Банктің банктердің мәжбүрлеп қайта ұйымдастырылуы мен таратылуы бойынша шығындарды қаржыландыруына жол берілмейді.

46) 49-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"49-бап. Банк ашуға берілген рұқсатты қайтарып алудың негіздері мен тәртібі

1. Банк ашуға берілген рұқсатты Ұлттық Банк:

а) банк қайта құру немесе тарату арқылы өз қызметін ерікті түрде тоқтататыны туралы шешім қабылдаған;

б) банк қызметін тоқтату туралы сот шешім қабылдаған;

в) банк ретінде тіркелген заңды тұлғаның қызметінде осы баптың 2-тармағында көзделген жолсыздықтар анықталған жағдайда қайтарып алуға құқылы.

2. Заңды тұлғаға банк ашуға берілген рұқсатты қайтарып алуды Ұлттық Банк мынадай негіздердің кез келгені бойынша жүргізеді:

а) заңды тұлғаның банк ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап бір жыл ішінде рұқсат беруге негіз болған мәліметтердің дұрыс еместігін анықтау;

б) заңды тұлғаның банк ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап бір жыл ішінде банк операцияларын жүргізуге лицензия алмауы;

в) заңды тұлғаның банк ретінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бір жыл ішінде жарияланған жарғылық капиталын төлемеуі;

г) банк ретінде тіркелген заңды тұлға үшін банк заңдарында көзделген қызмет шарттарын бұзуы.

3. Банк ашуға берілген рұқсатты қайтарып алу туралы шешімді Ұлттық Банктің Басқармасы қабылдайды.

4. Банк ашуға берілген рұқсатты қайтарып алу туралы Ұлттық Банк Басқармасының шешімі заңды тұлғаның қызметін қайта тіркеуге немесе тоқтатуға негіз болып табылады.";

47) 50-баптың:

1 тармағындағы "ақшалай қаражаттың" деген сөздер "ақшаның" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "4-8" сандары "4-9" сандарымен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "5-8" сандары "5-9" сандарымен ауыстырылсын;

6-тармақта:

бірінші азатжолдағы "шоттарындағы ақшалай қаражаттың" деген сөздер "банк шоттарындағы ақшаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

а) тармақшасындағы "істер" деген сөздің алдынан "қылмыстық" деген сөзбен толықтырылсын;

в) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"в) прокурорға: тексеру жүргізу туралы қаулының негізінде, өз құзыреті шегінде, өз қарауындағы материалдар бойынша;";

г) тармақшасындағы "сыртқы экономикалық қызметті жүргізу кезінде" деген сөздер "клиенттердің экспорттық және (немесе) импорттық операциялары бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың:

бірінші азатжолындағы "ақшалай қаражаттың" деген сөздер "ақшаның" деген сөзбен ауыстырылсын;

б), в) тармақшаларындағы "ақшалай қаражаты" деген сөздер "ақшасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

г) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"г) прокурорға: тексеру жүргізу туралы қаулының негізінде, өз құзыреті шегінде, өз қарауындағы материалдар бойынша;";

д) тармақшасындағы "сыртқы экономикалық қызметті жүргізу кезінде" деген сөздер "клиенттердің экспорттық және (немесе) импорттық операциялары бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың бірінші азатжолындағы "ақшалай қаражаттың" деген сөздер "ақшаның" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Салық салуға байланысты мәселелер бойынша банк құпиясы бар ақпарат салық органдарына Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес беріледі.";

48) 51-бапта:

баптың атауындағы "ақшалай қаражат пен", және мәтініндегі "ақшалай қаражаты" деген сөздер тиісінше "ақша мен", "ақшасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармағында "есеп айырысу және басқа" деген сөздер "банктік" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақ: "банкте жатқан" деген сөздерден кейін "жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінен басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

49) 52-баптағы:

"құқылы" деген сөзден кейін "ал қолданылып жүрген заңдарда тікелей қарастырылған жағдайда - міндетті" деген сөздермен толықтырылсын;

"банкрот болған немесе" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Ұлттық Банк депозиттерді міндетті түрде ұжымдық сақтандыру жағдайлары мен оны іске асыру тетігін белгілеуге құқылы.

Ұлттық Банк депозиттерді ұжымдық сақтандыруды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіне қосымша талаптар белгілеуге құқылы";

50) 54-баптың 1-тармағындағы:

"Банктердегі бухгалтерлік есепке алудың әдістемесі мен ережесін... тізбесін" деген сөздер "тізбесін" деген сөзбен ауыстырылсын;

тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші азатжолдармен толықтырылсын:

"Банктер өздері жүргізетін операцияларды есепке алуды бекітілген бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

Банктің бухгалтерлік есеп саясатын оның Байқаушы кеңесі айқындайды.";

51) 55-баптағы:

"фирма" деген сөз "ұйым" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банктер тоқсан сайын Ұлттық Банк белгілеген нысан бойынша және мерзімде балансын, пайдасы мен шығыны туралы есебін, олардың аудиторлық мақұлдауынсыз-ақ жариялап отырады.";

52) 57-баптың:

1, 4 және 5-тармақтарындағы "фирма" деген сөздер "ұйым" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтың:

бірінші азатжолындағы "мына тұрғыда" деген сөздер "мыналарды анықтау мақсатында" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші азатжолы "нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын;

53) 58-баптағы:

"Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Банк қызметіне аудиторлық тексеру жүргізуге құқық беретін лицензияны Ұлттық Банк өзінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес береді.";

54) 59-баптағы:

баптың атауы "жою" деген сөзден кейін "тоқтату" деген сөзбен толықтырылсын;

мәтіндегі "фирманың", "фирма" және "фирмада" деген сөздер тиісінше "ұйымның", "ұйым" және "ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың б) тармақшасындағы "өзінің, жұбайы (зайыбы)" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақтың:

бірінші азатжолындағы "жояды" деген сөзден кейін "тоқтатады" деген сөзбен толықтырылсын;

в) тармақшасындағы "табыс етпесе" деген сөздің алдынан "аудиторлық тексеру туралы есеп пен ақпаратты" деген сөздер жазылсын;

г) тармақшасындағы "1-тармақтың г)" деген сөздер "2-тармақтың б)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы е) және ж) тармақшаларымен толықтырылсын:

"е) аудиторлық ұйымның (аудитордың) аудиторлық қызметпен айналысу құқығын жою туралы уәкілді органның шешімі бар болса;

ж) банк қызметіне аудиторлық тексеру жүргізуге құқық беретін лицензия берілген күннен бастап бір жыл ішінде оның негізінде берілген мәліметтердің күмәнді екені анықталса.";

55) II бөлімнің атауы "тоқтату" деген сөзден кейін "ерекшеліктерінің" деген сөзбен толықтырылсын;

56) 7-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Банктерді ерікті түрде қайта құру";

57) 60-бапта:

баптың атауындағы "қайта құрудың жалпы шарттары" деген сөздердің алдына " ерікті түрде" деген сөздер жазылсын;

1-тармақтағы "қайта құру" деген сөздер "ерікті түрде қайта құру" деген сөздермен ауыстырылсын;

2, 3 және 4-тармақтардағы "қайта құрудың", "қайта құру" деген сөздер "ерікті түрде қайта құруды", "ерікті қайта құру" деген сөздермен ауыстырылсын;

58) 61-баптың атауындағы және мәтініндегі "қайта құруға" деген сөздер "ерікті түрде қайта құруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

59) 62-баптың 2-тармағындағы а), б) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"а) өз капиталының жеткіліктілігі коэффициентінің ұдайы (қатарынан 3 ай орындалмауы)";

б) осы Жарлықтың 48-бабында көзделген негіздер бойынша.";

60) 63-баптың 3-тармағындағы "нормативтің" деген сөз "құқық" деген сөзбен толықтырылсын;

61) 64-баптың 1-тармағының а) тармақшасындағы "мекен-жайы" деген сөздер " орналасқан жері" деген сөздермен ауыстырылсын;

62) 66-баптың 2-тармағындағы "нормативтік" деген сөз "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын;

63) 67-баптың 3-тармағындағы "банкті еріксіз таратуды жүзеге асыруға" деген сөздер "банк заңдарында көзделген негізде банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияны жоюға" деген сөздермен ауыстырылсын;

64) 9-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"9-тарау. Банктерді тарату және еріксіз қайта құру

68-бап. Банктерді тарату түрлері мен негіздері

1. Банк:

а) Ұлттық Банктің рұқсаты болған жағдайда (ерікті тарату), оның акционерлерінің шешімі бойынша;

б) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген реттерде (еріксіз тарату) соттың шешімі бойынша;

в) мемлекеттік банктерге қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

2. Банктердің қызметін тоқтату банкроттық туралы заңдардың және осы Жарлықтың талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

69-бап. Ерікті тарату

1. Банк акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде өзін ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы Ұлттық Банкке өтініш жасауға құқылы.

Өтінішке банктің қызметін тоқтату мерзімі және оған әзірлік кезеңдері туралы акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен шаралар тізбесі, банк міндеттемелері бойынша оның есеп айырысуларының жүзеге асырылуы үшін банк қаражатының жеткіліктілігін дәлелдейтін баланстың есеп және басқа қажетті мәліметтер қоса тіркелуі тиіс. Қажетті мәліметтер тізбесі Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

2. Банктің ерікті түрде тарауына рұқсат алу туралы өтінішін Ұлттық Банк тиісті түрде ресімделген құжаттарды қабылдаған күннен бастап екі ай ішінде қарауға тиіс.

Банктің ерікті түрде тарауына рұқсат беруден бас тартқан жағдайда Ұлттық Банк бұл туралы дәлелді шешім қабылдап, банкке хабарлайды.

3. Банктің ерікті түрде тарауына рұқсат беру туралы шешімді Ұлттық Банк басқармасы қабылдайды.

4. Ерікті түрде тарауға Ұлттық Банктен рұқсат алған жағдайда банк тарату комиссиясын құрады, оған банктің мүлкі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттік ауысады.

Ерікті түрде таратылатын банктердің тарату комиссиялары қызметінің ерекшеліктері Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

5. Ерікті түрде тарауға рұқсат алғаннан кейін банк бұл туралы ақпаратты әділет

орталық органының ресми басылымдарында жариялауға тиіс.

6. Тарату комиссиясы банкті тарату туралы баланс пен есепті бекіткеннен кейін жеті күн мерзімде оны Әділет министрлігі мен Ұлттық Банкке табыс етуге міндетті.

7. Барлық кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға қаржысы жеткіліксіз болған жағдайда, банк банкроттық туралы заңдарда көзделген тәртіппен еріксіз түрде таратылуы тиіс.

70-бап. Банктерді еріксіз тарату түрлері

1. Банктерді еріксіз таратуды сот:

а) банк банкроттығына;

б) банк заңдарында көзделген негіздер бойынша банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияларды жоюға;

в) банк заңдарында көздеген басқа негіздер бойынша банк қызметін тоқтату туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың, заңды немесе жеке тұлғалардың өтінішіне (қуынымына) байланысты жүргізеді.

71-бап. Банкті банкрот деп тану

1. Банктің төлем төлеуге қабілетсіздігі мен дәрменсіздігі Ұлттық Банктің сотқа берген банк капиталының мөлшерін, пруденциалдық нормативтердің (және міндетті сақталуға тиісті өзге нормалар мен лимиттердің) есеп айырысу әдістемелерін ескере отырып жасаған қорытындысына анықталады.

2. Банктің белгіленген тәртіп бойынша сот шешімімен ғана банкрот деп танылуы мүмкін. Дәрменсіз банкті оның кредиторлары мен банктің өз шешімі бойынша таратудың соттан тыс рәсіміне жол берілмейді.

3. Тараптардың банктің банкроттығы туралы іс бойынша тату келісім жасауларына мүмкіндік берілмейді.

72-бап. Өзге негіздер бойынша банкті тарату

1. Банктерді еріксіз тарату уәкілдік берілген мемлекеттік органның, заңды немесе жеке тұлғаның өтініші (қуынымы) бойынша (банк операцияларын жүргізуге берілген банк лицензияларын жою туралы Ұлттық Банктің шешімі жоқ болған жағдайда) сот іс қозғаған жағдайларда осы Жарлыққа сәйкес жүргізіледі.

2. Банкті еріксіз тарату туралы шешімді сот Ұлттық банкке жібереді.

Осы Жарлықтың 70 бабының в) тармақшасында көзделген негізде қозғалған іс бойынша банкті еріксіз тарату туралы сот шешім қабылдаған күннен бастап банктің банк операцияларын жүргізуге берілген лицензиялардың Ұлттық Банк жояды.

73-бап. Еріксіз таратуды жүргізудің шарттары мен тәртібі

1. Банкті арнайы басқарушы (басқару жөнінде уәкілеттік берілген адамдарды) ретінде сот тағайындаған адамды(дарды) банкті тарату комиссиясының құрамына соттың енгізуі мүмкін.

Банкті арнайы басқарушысының (басқару жөнінде уәкілеттік берілген адамдардың) орындаған жұмысы туралы есепті сот бекітеді.

Банкті тарату комиссиясының банкті арнайы басқарушыдан (басқаруға уәкілеттік берілген адамдардан) банк құжаттары мен мүлкін қабылдап алу-өткізу актісін сот бекітеді.

2. Банкті таратумен байланысты барлық шығыстар сол банктің қаражаты есебінен ғана жүргізіледі.

3. Банк мүлкін бағалауды тарату комиссиясы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүргізеді.

4. Таратылған банктің кредиторларының тізілімін сот бекітеді.

5. Таратылған банктің мүлкін сатуды банкті тарату комиссиясы сот бекіткен тәртіппен жүргізеді.

6. Банкті тарату комиссиясының қызметіне бақылау жасауды оны тағайындаған сот жүзеге асырады.

7. Тарату комиссиясы жасаған банкті тарату және тарату балансы туралы есепті сот бекітеді және оны Әділет министрлігі мен Ұлттық Банкке жібереді.

74-бап. Еріксіз таратылатын банктің тарату комиссиясы

1. Банкті тарату туралы, оның ішінде оның банкроттығын негіздеу жөнінде шешім қабылданғаннан кейін сот құрамында төраға мен комиссия мүшелері бар тарату комиссиясын тағайындайды.

Банкті тарату комиссиясы банк істерін аяқтау және оның кредиторларымен есеп айырысуын қамтамасыз ету үшін шаралар қолданады.

2. Банкті банкрот деп таныған жағдайда оны тарату осы Жарлықта қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып, банкроттық туралы заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Заң актілерінде көзделген басқа негіздер бойынша таратылатын банктің тарату комиссиясы өз қызметінде таратылатын банктер үшін осы Жарлықта, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарда белгіленген жалпы ережелерді басшылыққа алады.

3. Ұлттық банк қызметкерлерінің банкті тарату комиссиясының құрамында болуына құқығы жоқ.

74-1-бап. Банктерді тарату кезіндегі тарату, конкурстық массасын қалыптастыру ерекшеліктері

1. Банктің тарату, конкурстық массасы осы Жарлықта белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, қолданылып жүрген заңдарда айқындалған тәртіппен қалыптасады.

2. Кастодиан-банкті таратқанда тарату, конкурстық массасына мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының меншік капиталының қаржыларын қоспағанда, мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері қосылмайды және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының өтініші бойынша басқа банкке аударылады.

74-2-бап. Еріксіз түрде таратылатын банк кредиторларының талаптарын қанағаттандырудың кезектілігі

1. Еріксіз таратылатын банк кредиторларының, оның ішінде оның банкроттығымен байланысты талаптары осы бапта белгіленген тәртіппен қанағаттандырылады.

2. Тарату өндірісімен байланысты шығыстар, оның ішінде банктің тарату комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шығыстар, сондай-ақ таратылатын банктің негізгі қызметтерін қамтамасыз ету қажеттігінен туындайтын шығыстар кезектен тыс және тұрақты төленіп отырады.

3. Белгіленген тәртіппен танылған кредиторлардың талаптары мынадай кезектілікпен қанағаттандырылуға тиіс:

а) бірінші кезекте азаматтардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін жауап бере отырып, таратылатын банк олардың талаптарын тиісті мерзімдік төлемдерді капитализациялау жолымен қанағаттандырады;

б) екінші кезекте еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдардың еңбекақысын төлеу жөнінде және авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу жөнінде есеп айырысулар жүргізіледі;

в) үшінші кезекте депозиттер және ақша аудару жөнінде жеке тұлғалардың талаптары қанағаттандырылады;

г) төртінші кезекте тек қана қайырымдылық қызметімен айналысатын коммерциялық емес ұйымдармен, Ұлы Отан соғысы ардагерлері ұйымдарымен және оған теңестірілген адамдардың ұйымдарымен, Қазақстан Республикасы мүгедектерінің ерікті қоғамымен, Қазақ зағиптар қоғамымен, Қазақ саңыраулар қоғамымен, осы заңды тұлғалардың меншігі болып табылатын және олардың қаржысының есебінен құрылған өндірістік ұйымдармен, олардың банктік шоттарында бар және депозитке орналастырылған қаржысы бойынша басқа да мүгедектердің ұйымдарымен есеп айырысулар жүзеге асырылады;

д) бесінші кезекте таратылатын банктің мүлкін кепілге алумен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредиторлардың талаптары қанағаттандырылады;

е) алтыншы кезекте бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер бойынша қарыздар өтеледі;

ж) жетінші кезекте заңды тұлғалардың банк шоттарында бар өз қаржылары бойынша талаптары қанағаттандырылады;

з) сегізінші кезекте банкаралық кредиттер бойынша банктермен және таратылатын банктің мүлкін кепілге алумен қамтамасыз етілмеген депозит салымдары бойынша заңды тұлғалармен есеп айырысу жүзеге асырылады;

и) тоғызыншы кезекте басқа кредиторлармен есеп айырысулар заң актілеріне сәйкес жүргізіледі.

## 74-3-бап. Банкті еріксіз қайта құру. Оңалту рәсімдері

1. Банкті еріксіз қайта құру қолданылып жүрген заңдарға сәйкес соттың шешімімен, осы Жарлықта көзделген ерекшеліктерді ескере отырып жүргізіледі.

2. Сот банкті еріксіз қайта құру не банкке қатысты оңалту рәсімдерін жүргізу туралы мәселені Ұлттық Банктің тиісті қорытындысы негізінде ғана шешуге құқылы.

Банкті еріксіз қайта құруды жүргізудің, оңалту рәсімдерінің міндетті шарты банктің өзінде бар барлық депозиттерді мүдделі адамдарға еріксіз қайта құру туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір жылдың ішінде қайтаруы болып табылады.

Осы шартты орындамау банкті еріксіз таратуға әкеп соғады.

3. Сот банкті еріксіз тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда (іс қозғау негізіне қарамастан), оны жүргізу банктің сот бекіткен арнайы басқарушысына (басқару жөнінде уәкілеттік берілген адамдарға) тапсырылады.

Банктің арнайы басқарушысы (басқару жөніндегі уәкілеттік берілген адамдар) сот пен банк кредиторларына өз қызметі туралы ай сайын хабарлап тұруға міндетті.

4. Банкті қайта құруға қатысушы үшінші адам банктің басқа коммерциялық ұйымға қосылуына немесе бірігуіне байланысты арнайы басқарушыға (басқару жөніндегі уәкілеттік берілген адамдарға) оның (олардың) қаржылық әлеуетін және банкті қайта құрудың мақсатқа сай екенін негіздейтін қажетті құжаттарды (деректерді) беруге міндетті.

5. Банкті еріксіз қайта құру сот белгілеген тәртіппен және ол бекіткен кесте мен шаралар жоспарларына сәйкес жүргізіледі.

6. Банктің арнайы басқарушысының (басқару жөніндегі уәкілеттік берілген адамдардың) банкті еріксіз қайта құрудың аяқталғаны туралы есебін сот бекітеді.

7. Аталған сот рәсімдері шеңберінде банкті қайта құру жүргізілгенін растайтын ресми құжат күшіне енгеннен кейін 5 күн мерзім ішінде банктің құқықтық мұрагері болып табылатын ұйым екі республикалық газетте қажетті ақпараттың жариялануын қамтамасыз етуге міндетті.

8. Банкті еріксіз таратуды жүзеге асырумен байланысты шығыстар оның қаржысы есебінен жүргізіледі.

74-4-бап. Ұлттық Банктің банктерден ақпарат алу құқығы

1. Ерікті таратылатын банктің тарату комиссиясы Ұлттық Банкке оның сұрау салуы бойынша банктің қызметі туралы кез келген мәліметті табыс етуге міндетті.

2. Ұлттық Банк қызметін еріксіз тоқтату туралы ісі сотта қаралып жатқан банктен қажетті ақпарат алуға құқылы.

Банктің арнайы басқарушысы (басқару жөніндегі уәкілеттік берілген адамдар) сотпен келісе отырып, банкке қатысты мәліметтер мен құжаттарды ұсынады.

3. Банкті еріксіз тарату кезінде оның тарату комиссиясы Ұлттық банкке жалпы тәртіппен банк қызметі туралы мәліметтерді жібереді.";

65) 75-баптың:

2-тармағы алынып тасталсын;

3 және 4-тармақтар тиісінше 2 және 3-тармақтар болып саналсын;

2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Олардың әрқайсысы үшін рұқсат етілген банк операциялары түрлерінің тізбелерін, оларға банк операцияларын жүргізуге лицензия берудің негіздері мен олардың қызметін ықтимал шектеулерді қоса алғанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың құқықтық мәртебесі, құрылу тәртібі, лицензиялануы, қызметінің реттелуі мен тоқтатылуы Қазақстан Республикасының заң актілерімен және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді";

66) 76-баптың 2-тармағындағы "фирма" деген сөз "ұйым (аудитор)" деген сөздермен ауыстырылсын;

67) 78-баптың 2-тармағындағы "жарғылық қорларын" деген сөздер "жарғылық капиталын" деген сөздермен ауыстырылсын;

20. Қазақстан Республикасы Президентінің "Сақтандыру туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы N 2475 U952475_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 19, 115-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 15, 279-құжат; 1997 жылғы 3 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар кейбір Жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" 1997 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 11-баптың 1-тармағының екінші азатжолындағы және 22-баптың 1-тармағындағы "ақша қаражатының" деген сөздер "ақшаның" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 23-баптағы "проценттер" деген сөз "айыпақының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 37-баптың:

3-тармағының д) тармақшасындағы "банктегі есеп айырысу шотында" деген сөздер "банктегі шотында" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "коммерциялық" деген сөз алынып тасталсын;

4) 38-баптың 2-тармағындағы "ақшалай қаражат" деген сөздер "ақша" деген сөзбен ауыстырылсын;

21. Қазақстан Республикасы Президентінің "Өндірістік кооператив туралы" 1995 жылғы 5 қазандағы заң күші бар N 2486 Z952486_ Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 20, 119-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 жылғы 25 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

7-баптың 6-тармағының екінші азатжолындағы "ақша қаражатына" деген сөздер " ақшадан" деген сөзбен ауыстырылсын.

22. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2723 U952723_ заң күші бар Жарлығына ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 165-құжат):

3 - б а п т ы ң :

1-тармағының екінші азатжолындағы "өзіне тиесілі проценттің" деген сөздер "өзіне тиесілі сыйақының (мүдденің)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармағының 3) тармақшасындағы:

"проценттерді" деген сөз "айыпақыны" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ақша қаражатын" деген сөздер "ақшаны" деген сөзбен ауыстырылсын.

23. Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есеп туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 Z952732_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 171-құжат):

16-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "ақша қаражатының" деген сөздер " ақша" деген сөзбен ауыстырылсын.

24. "Саяси партиялар туралы" 1996 жылғы 2 шілдедегі Z960016_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 11-12, 260-құжат):

1 6 - б а п т а :

1-тармақтағы "ақша қаражаты" деген сөздер "қаражат" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "ақша қаражаты және" деген сөздер "ақша және өзге" деген сөздермен ауыстырылсын.

25. "Валюталық реттеу туралы" 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Z960054_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 20-21, 404-құжат):

1) 1-баптың екінші бөлігінің алтыншы азатжолындағы "проценттер" деген сөз " сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2) 1-баптың екінші бөлігінің он бесінші азатжолындағы, 6-баптың 3-тармағындағы, 7-баптың 3 және 4-тармақтарындағы, 10-баптың 3-тармағындағы "банктік емес қаржы мекемелері" деген сөздер "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

26. "Бюджет жүйесі туралы" 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Z960052_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 20-21, 402-құжат; 1997 жылғы 17 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1 ) 1 - б а п т ы ң :

он бесінші азатжолындағы "ақша қаражатының" деген сөздер "ақшаның" деген

сөздермен ауыстырылсын;

он жетінші азатжолындағы "процентер" деген сөздер "сыйақыны (мүддені)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-баптағы "ақша қаражатының" деген сөздер "ақшаның" деген сөздермен ауыстырылсын.

27. 1997 жылғы 25 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Банкроттық туралы" 1996 жылғы 21 қаңтардағы Z970067_ Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың төртінші азатжолындағы "процентін төлей отырып" деген сөздер " сыйақы (мүдде) төлей отырып" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 18-баптың 2-тармағының 8) тармақшасындағы "банктердегі шоттарда жатқан ақшалай қаражат" деген сөздер "банктік шоттарда жатқан ақша" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 22-баптың 3-тармағының 6) тармақшасындағы "ескеріле отырып осы сомаға есептелген проценттер"" деген сөздер "осы сомаға есептелген сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 27-баптың 2-тармағының 5) тармақшасындағы "банктердегі шоттарда жатқан ақша қаражаттары" деген сөздер "банктік шоттарда жатқан ақшалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 29-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "борышкер шотынан ақшалай қаражаты" деген сөздер "борышкердің банктік шотынан ақша" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 30-баптың 1) тармақшасындағы "ақша қаражаттарына" деген сөздер "ақшаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 32-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "ақша сомаларын" деген сөздер " ақшаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 55-баптың 1 тармағындағы "ақша қаражатын" деген сөздер "ақша" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 67-баптың б) тармақшасындағы "басқа несие беруші мекемелерге" деген сөздер " қаржы ұйымдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 68-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "өсімдер мен проценттер" деген сөздер "айып ақылар мен сыйақылар (мүдделер)" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 71-баптың:

1-тармағының екінші азатжолындағы және 4-тармағындағы "проценттердің" деген сөз "сыйақылардың /мүдденің/" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 тармақтағы "проценттерді" деген сөз "сыйақыны /мүддені/" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 81-баптың:

1-тармағындағы "несие берушілерге тиесілі проценттер" деген сөздер "несие

берушілерге тиесілі сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармағындағы "есептелетін проценттер" деген сөздер "есептелетін сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 85-баптың 1-тармағындағы "ақшалай қаражатты" деген сөздер "ақша" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 99-баптың 8-тармағындағы "ақша қаражатын" деген сөздер "ақшаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

28. 1997 жылғы 11 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Z970077_ Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың:

он екінші азатжолындағы "ақша қаражатын" деген сөздер "ақшаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

он үшінші азатжолындағы "ақша қаражатын" деген сөздер "ақшаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма алтыншы азатжолындағы "ақша қаражатын" деген сөздер "ақшаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

отыз бесінші азатжолындағы "ақша қаражатын" деген сөздер "ақшаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-баптың 2-тармағындағы үшінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"банктер Қазақстан Республикасы заң актілерінде көзделген жағдайларда";

3) 18-баптың 6 және 8-тармақтарындағы "банктік емес қаржы мекемелері", "банктік емес қаржы мекемесі" деген сөздер тиісінше "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар", "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 22-баптың 5-тармағының сегізінші азатжолындағы "ақша қаражаты" деген сөздер "ақшасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 24-баптың 2-тармағындағы "банктік емес қаржы мекемелері" деген сөздер "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 28-баптың 4-тармағындағы "банктік емес қаржы мекемелерінің" деген сөздер "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 35-баптың 1-тармағындағы:

"және банктік емес қаржы мекемелерінің" деген сөздер алынып тасталсын;

"ақша қаражатын" деген сөздер "ақшаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

29. 1997 жылғы 11 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздармен жасалған

мәмілелерді тіркеу туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Z970078_ Қазақстан Республикасының Заңына:

14-баптың 3-тармағындағы, 4-тармағының б) және 3) тармақшаларындағы, 17-баптың 1-тармағының е) тармақшасындағы, 21-баптың 2-тармағындағы "ақша қаражатын" деген сөздер "ақшаны" деген сөзбен ауыстырылсын.

30. 1997 жылғы 12 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы" 1997 жылғы 6 наурыздағы Z970082_ Қазақстан Республикасының Заңына:

1) кіріспенің екінші бөлігіндегі, 1-баптың 1-тармағындағы, 11-баптың 3-тармағындағы, 15-баптың 2-тармағындағы, 16-баптың 1-тармағының "а" тармақшасындағы "ақша қаражатын" деген сөздер "ақшаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 10-баптың 1-тармағындағы және 25-баптың 1-тармағындағы "ақша қаражатын" деген сөздер "ақша" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 14-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
"3. Банктердің инвестициялық қор басқарушысының қызметін жүзеге асыруға құқы жоқ.".

31. 1997 жылғы 12 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Сыртқы қарыз алу және сыртқы борышты басқару туралы" 1997 жылғы 10 сәуірдегі Z970090_ Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың:

оныншы азатжолындағы "процент" деген сөз "сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

он сегізінші және он тоғызыншы азатжолдарындағы "проценттерді" деген сөз "сыйақыларды (мүдделерді)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 9-баптың 1-тармағындағы "резервінің" деген сөз "активтерінің" деген сөзбен ауыстырылсын.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК